ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

МАНАТОВ МУРАТБЕК МИРАМБЕКОВИЧ

Шетел азаматтары мен көлік құралдары тарапынан жасалған жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды цифрлық есепке алу: құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері

7М12301 «Құқық қорғау қызметі» (бейінді бағыт) білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға жоба

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері
кафедрасының аға оқытушысы
М.Б. Садыков,
философия докторы (PhD),
әділет кеңесшісі
_____

Қосшы қ., 2026 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік жобада Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды цифрландыру жағдайында шетел азаматтары мен көлік құралдары жасаған жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың әкімшілік-құқықтық моделі зерттеледі. Цифрлық есепке алу құқық бұзушылықтарды автоматты түрде тіркеудің техникалық рәсімдерінің жиынтығы ретінде емес, сәйкестендірудің, верификациялаудың, хабарламаның, шешім қабылдаудың және қаулының орындалуын бақылаудың заңдық маңызы бар кезеңдерін қамтитын тұтас әкімшілік-цифрлық тетік ретінде қаралады.

РЕЗЮМЕ

В магистерском проекте исследуется административно-правовая модель цифрового учета нарушений правил дорожного движения, совершенных иностранными гражданами и транспортными средствами, в условиях цифровизации государственного управления в Республике Казахстан. Цифровой учет рассматривается не как совокупность технических процедур автоматической фиксации правонарушений, а как целостный административно-цифровой механизм, включающий юридически значимые стадии идентификации, верификации, уведомления, принятия решения и контроля исполнения постановления.

SUMMARY

The master's project examines the administrative and legal model of digital accounting of traffic violations committed by foreign citizens and vehicles in the context of digitalization of public administration in the Republic of Kazakhstan. Digital accounting is considered not as a set of technical procedures for the automatic recording of offenses, but as an integrated administrative and digital mechanism that includes legally significant stages of identification, verification, notification, decision-making and control of the execution of the resolution.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР
АНЫҚТАМАЛАР
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР
КІРІСПЕ

1 ЖОЛ ЖҮРІСІ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН ЦИФРЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ

1.1 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алудың ұғымы мен құқықтық табиғаты 13
1.2 Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың проблемалық аспектілері..... 23

2 ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН ШЕТЕЛДІК КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ҚАТЫСҚАН ЖОЛ ЖҮРІСІ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН ЦИФРЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ САЛАСЫНДА ӘКІМШІЛІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық модельдер..... 32
2.2 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды жетілдіру..... 39

ҚОРЫТЫНДЫ 45

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ 49

ҚОСЫМША 1 52

ҚОСЫМША 2 63

ҚОСЫМША 3 64

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы жобада мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

– 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;

– 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі;

– 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

– 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алулар туралы» Заңы;

– 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заңы;

– 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңы;

– 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңы;

– 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы;

– 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы;

– 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының бұйрығы;

– 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 971 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін және қылмыстық әрі әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы;

– 1998 жылғы 12 қарашадағы № 121 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің, 1998 жылғы 1 желтоқсандағы № 1043ца Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, 1998 жылғы 8 желтоқсандағы № 73 Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 598 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің, 1998 жылғы 2 желтоқсандағы № 429 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, 1998 жылғы 28 желтоқсандағы № 111 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрінің «Соттардың, прокуратура органдарының, алдын ала тергеу, анықтау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда (жобада) сәйкесінше анықтамалары бар келесі терминдер қолданылған:

Цифрлық есепке алу – құқық бұзушылық фактісін электрондық карточкаға енгізу, мәртебелерді жүргізу және материалдардың цифрлық ортадағы қозғалысын сүйемелдеу.

Дәлелдемелер пакеті – файлдың тұтастығын растайтын фото/бейнематериал, уақыт белгісі, геолокация, құрылғы сәйкестендіргіші, журналдық жазбалар мен атрибуттар жиынтығы.

Шетелдік контур – құқық бұзушы немесе көлік құралының иесі бейрезидент болғанда не автокөлік шетелдік тіркеуде тұрған жағдайда қолданылатын ерекше процестік режим.

Уақытша сәйкестендіру бейіні – ЖСН-і жоқ тұлғаға қатысты паспорттық деректер, кіру/шығу туралы ақпарат, байланыс арналары және көлікке қатысты деректер негізінде қалыптастырылатын жұмыс бейіні.

Процессингтік орталық – автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған техникалық құралдармен тіркелген құқық бұзушылықтарды өңдеу контуры.

Жария сектор / жария сервис – іс жүргізуге қатысушылардың материалдармен танысуы және өтініш/шағым беруі үшін қашықтан қол жеткізу арнасы.

Журнал жүргізу және аудит – кімнің, қашан және қандай өзгерістер енгізгенін тіркейтін бақылау қабаты.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҚР – Қазақстан Республикасы
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ЖЖҚ – Жол жүрісі қағидалары
ӘҚБтК – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
ӘӨБТ – Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі
б. – бап
б-бөлігі – бөлік
т. – тармақ
тш. – тармақша
ж. – жыл
ІІМ – Ішкі істер министрлігі
ІІО – ішкі істер органдары
ЖКО – жол-көлік оқиғасы
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі
АЕҚ – ақпараттық-есептік құжат

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі мемлекет қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және оның өзектілігі қандай да бір күмән тудырмайды. Себебі бұл саладағы құқықтық тәртіпті нығайту азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және әкімшілік-құқықтық реттеудің тиімділігін арттырумен тікелей байланысты.

Жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы құқық бұзушылықтар резиденттермен қатар, бейрезиденттер, шетел азаматтары, сондай-ақ шетелде тіркелген көлік құралдары арқылы да жасалуы мүмкін. Осыған байланысты отандық дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге мәліметтері толық енгізілмеген шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалатын жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу мәселесін зерттеу ерекше маңызға ие.

Халықаралық көлік байланыстарының ұлғаюы, шетел азаматтарының мемлекет аумағында жиі орын ауыстыруы және шетелдік көлік құралдарының қозғалысының артуы жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды тіркеу мен есепке алу саласында әкімшілік органдар қызметін жаңа талаптарға бейімдеуді қажет етеді. Бұл, өз кезегінде, құқық бұзушылықтарды анықтау, тіркеу, цифрлық сүйемелдеу және әкімшілік шешімдердің орындалуын бақылау тетіктерін жетілдіруді талап етеді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2026 жылғы сәуір айында өткен ғалымдарды марапаттау рәсімдерінің бірінде: «Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл сайын жол-көлік оқиғалары салдарынан, көбіне жол қозғалысы қағидаларын өрескел бұзудың нәтижесінде, мыңдаған адам қаза табады. Бұған жол беруге болмайды. Соңғы бірнеше жыл бойы біз барлық өңірлерде жол инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту ісін жүргізіп келеміз. Алайда қайғылы жағдайлар азаймай отыр. Қалыптасқан ахуал Үкімет пен тұтас қоғам тарапынан айрықша назар аударуды талап ететіні анық. Жүргізу мәдениетін және азаматтардың барлық белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтау дағдысын қалыптастыру қажет», – деп атап өтті [1].

Аталған мәселені шешу қажеттілігі Қазақстан халқына 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында да көрініс тапқан. Онда: «Барша қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселенің бірі – жолдардағы апаттылық. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғалары салдарынан 1300-ден астам адам қаза тауып, 16 мыңнан астам адам зардап шекті. Іс жүзінде күн сайын жол үстінде адамдар, кейде тұтас отбасылар көз жұмуда. Жол қауіпсіздігін жол-көлік инфрақұрылымын жетілдіру және интеллектуалды жүйелерді енгізу арқылы қамтамасыз етуге болады. Бұл тек жергілікті маңызы бар жолдарға ғана емес, республикалық трассаларға да қатысты. Бейінді ведомство автомобильдердің техникалық жай-күйіне тиісті бақылау орнатуы тиіс. Жүргізушілерді даярлау

сапасының төмендегені жасырын емес, олар жол мектептерінде тиісті дайындықтан өтпей-ақ куәлік алып жатыр. Үкіметтен, әкімдерден, Ішкі істер министрлігінен неғұрлым батыл іс-қимыл күтемін. Бұл мәселе депутаттардың да тұрақты назарында болуы керек», – деп көрсетілген [2].

Соған қарамастан, бүгінгі күнге дейін жасанды интеллект негізінде құқықтық реттеу және шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтарды цифрлық есепке алу мәселесі отандық құқықтық ғылымда жеткілікті дәрежеде зерделенбеген. Әсіресе бұл мәселе әкімшілік юрисдикция, ақпараттық технологиялар, халықаралық құқықтық ықпалдастық және құқық қолдану практикасы тұрғысынан кешенді зерттеуді талап етеді.

Зерттеу тақырыбы кешенді, жаңа әрі пәнаралық сипатқа ие. Ол құқық, ақпараттық технологиялар, халықаралық қатынастар және әкімшілік басқару салаларының тоғысында қалыптасқан. Осы себепті қарастырылып отырған мәселе тек теориялық ғана емес, сонымен бірге елеулі қолданбалы маңызға да ие.

Айта кету керек, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды тіркеу және оларды цифрлық өңдеу проблемасы халықаралық ғылыми кеңістікте де белсенді талқыланып келеді. Бұл, ең алдымен, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект жүйелерін құқық қорғау және көлік саласына енгізу үдерістеріне байланысты. Жол қозғалысын автоматтандырылған бақылау жүйелерін құқықтық реттеу мәселелері бойынша Еуропалық Одақ елдерінде, атап айтқанда Германияда, Нидерландта және Финляндияда жекелеген зерттеулер жүргізілген. АҚШ пен Канадада жасанды интеллект негізіндегі жол қозғалысын мониторингтеу жүйелері мен интеллектуалды көлік инфрақұрылымын әзірлеу бағыттары зерделенуде. Ал Жапония, Оңтүстік Корея және Қытай сияқты Азия мемлекеттерінде «Smart City» тұжырымдамасы аясында жол қозғалысын интеллектуалды бақылау платформаларына қатысты ғылыми жобалар іске асырылуда.

Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар көбінесе уақтылы анықталмайды немесе оларды әкімшілік жауаптылыққа тарту барысында елеулі қиындықтар туындайды. Мұндай жағдайлар халықаралық құқық нормалары мен ұлттық заңнаманың өзара үйлесуін, сондай-ақ деректер алмасу жүйесінің тиімді жұмыс істеуін талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық есепке алу жүйелерін жетілдіру құқық қорғау органдарының қызметін оңтайландырумен қатар, шекара маңындағы және трансшекаралық қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде зерттеудің өзектілігі құқық қорғау қызметіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу үдерісімен, жол қозғалысын автоматтандырылған бақылау жүйелерінің дамуымен және мемлекетаралық құқықтық ынтымақтастықтың күшеюімен тікелей сабақтас. Бұл үдерістер шетел азаматтарының қатысуымен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке

алу және олар бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету тетіктеріне жаңаша көзқарас қалыптастыруды қажет етеді.

Шешілетін практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Шешілуге тиіс практикалық міндеттің қазіргі жай-күйін бағалау барысында жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды тіркеуге бағытталған белгілі бір цифрлық инфрақұрылымның қалыптасқанын атап өтуге болады. Аталған жүйе әкімшілік іс жүргізу саласындағы әртүрлі цифрлық құжаттарды, дерекқорларды, сондай-ақ құқық бұзушылықтарды автоматты түрде фото және бейнефиксациялайтын ақпараттық жүйелерді пайдалануға негізделген.

Сонымен бірге мұндай құралдардың қолданылуы көбінесе мәліметтері тиісті ұлттық жүйелерге интеграцияланған жүргізушілер мен көлік құралдарына қатысты ғана тиімді жүзеге асырылып отыр. Ал шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары жөніндегі мәліметтердің шектеулі деңгейде енгізілуі құқық тәртібін нақты қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтарды анықтау мен есепке алудың сапасына, процессуалдық сүйемелдеуге және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына кері әсерін тигізеді.

Тәжірибеде аталған мәселе өзара байланысты бірнеше бағытта көрініс табады. Олардың қатарында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

– жауаптылық субъектісін тиісінше сәйкестендірудің күрделілігі;

– жасалған құқық бұзушылық, іс жүргізудің басталуы, қабылданған қаулы және процессуалдық құқықтарды іске асыру тәсілдері туралы цифрлық хабарландыру тетіктерінің жеткіліксіздігі;

– автоматтандырылған режимде алынған цифрлық материалдардың дәлелдемелік жарамдылығына қойылатын талаптардың толық айқындалмауы;

– деректердің ведомствоаралық және трансшекаралық тұрғыдан бытыраңқылығы;

– ақпарат алмасуды кеңейту қажеттілігі мен дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік және мәліметтерге қол жеткізуді шектеу жөніндегі құқықтық талаптарды сақтау міндеті арасындағы қайшылық.

Осылайша, қарастырылып отырған практикалық міндеттің қазіргі жай-күйін ішінара цифрлық жетілу кезеңі ретінде сипаттауға болады: құқық бұзушылықтарды техникалық тіркеу құралдары едәуір дамығанымен, бейрезиденттерге қатысты сәйкестендіру, хабардар ету, дәлелдемелерді тексеру және шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуге арналған құқықтық әрі ұйымдастырушылық тетіктер жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Демек, негізгі ғылыми-практикалық қажеттілік тек автоматты фиксацияны кеңейтуде емес, оқиғаны тіркеуден бастап қаулының орындалуына дейінгі бүкіл әкімшілік циклді қамтитын толыққанды цифрлық есепке алу моделін қалыптастыруда жатыр.

Зерттеу мақсаты – шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың теориялық тұрғыдан негізделген әрі практикада қолдануға

жарамды моделін әзірлеу. Аталған модель жауаптылық субъектісін сәйкестендірудің, цифрлық хабарландырудың, цифрлық материалдардың шынайылығы мен жол берімділігін тексерудің, ведомствоаралық ақпарат алмасудың және қаулылардың орындалуын бақылаудың құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіруге негізделеді.

Зерттеу міндеттері қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- Қазақстан Республикасында жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды құқықтық реттеудің қазіргі жай-күйін талдау және оның шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты қолданылу ерекшеліктерін айқындау;

- бейрезиденттер жасаған жол жүрісі қағидаларын бұзу істерін цифрлық сүйемелдеудегі негізгі проблемалық түйіндерді анықтау, оның ішінде көлік құралымен байланысты тұлғаны сәйкестендіру, адресатты тиісті түрде хабардар ету, цифрлық материалдардың тексерілуі мен қайта жаңғыртылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қаулының орындалуын бақылау мәселелерін зерделеу;

- шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды жетілдірудің ықтимал модельдерін зерттеу;

- цифрлық есепке алудың құқықтық тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілер мен ведомстволық регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды анықтау, цифрлық тіркеу, есепке алу, процессуалдық сүйемелдеу және олар бойынша қабылданған шешімдерді орындау үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу тақырыбы - бейрезиденттер жасаған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды есепке алуды реттейтін және қамтамасыз ететін ұлттық және халықаралық құқық нормалары, ұйымдастырушылық тетіктер, цифрлық рәсімдер, ақпараттық байланыстар мен құқық қолдану практикасы құрайды. Бұған жауаптылық субъектісін сәйкестендіру, хабарландыру, цифрлық материалдардың дәлелдемелік жарамдылығы, дербес деректерді қорғау және ведомствоаралық ақпарат алмасу мәселелері кіреді.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпығылыми және арнаулы заңи әдістер құрайды. Атап айтқанда, жүйелі-құрылымдық, формальды-заңи, салыстырмалы-құқықтық, құрылымдық-функционалдық, логикалық-құқықтық, диалектикалық әдістер, сондай-ақ құқықтық модельдеу және құқық қолдану практикасын талдау тәсілдері пайдаланылды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқаруды цифрландыру жағдайында шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен

жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың әкімшілік-құқықтық моделін әзірлеу және оны теориялық тұрғыдан негіздеуден көрінеді.

Қолданыстағы тәсілдерден айырмашылығы, осы зерттеуде цифрлық есепке алу құқық бұзушылықты автоматты түрде тіркеуге арналған жекелеген техникалық рәсімдердің жиынтығы ретінде емес, сәйкестендіру, верификациялау, хабарландыру, шешім қабылдау және қаулының орындалуын бақылау сияқты заңдық маңызы бар кезеңдерді қамтитын тұтас әкімшілік-цифрлық тетік ретінде қарастырылады.

Зерттеуде алғаш рет шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары қатысқан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуға толық әкімшілік-цифрлық цикл идеясына негізделген кешенді әкімшілік-құқықтық тәсіл қолданылды.

Практикалық ұсынымдар:

1. Цифрлық есепке алу жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы істі әкімшілік-құқықтық сүйемелдеудің дербес нысаны ретінде қарастырылады және ол тек көмекші техникалық элементпен шектелмейді. Бейрезиденттер жасаған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу құқық бұзушылық фактісін жай ғана тіркеу емес, жауаптылық субъектісін айқындауды, цифрлық материалдарды тексеру мен верификациялауды, тұлғаны тиісті түрде хабардар етуді, әкімшілік шешім қабылдауды және оның орындалуын бақылауды қамтитын толық әкімшілік-цифрлық цикл болып табылатыны негізделді. Жоба аясында шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу бойынша анықтамалық (қосымша 1) әзірленді. Осы анықтамалық Қызылорда облысы полиция департаментінің практикалық қызметіне енгізілді (қосымша 2).

2. Орталықтандырылған есепке алу контурын, міндетті заңи верификация сатыларын және жүйеаралық мәлімет алмасуды ұштастыратын цифрлық есепке алудың гибридті моделі негізделді.

3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ шетел азаматтарына не шетелдік көлік құралдарының иелеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау рәсімдерін ведомстволық деңгейде жетілдіруге бағытталған ұсыныстар топтамасы тұжырымдалды (1-қосымша).

Апробация және нәтижелерін енгізу. Жүргізілген зерттеу аясында әзірленген негізгі практикалық ұсынымдар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, талқылаудан өтті.

«Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу» атты анықтамалық Қызылорда облысы Полиция департаментінің практикалық қызметіне енгізілді.

Зерттеу нәтижелерінің практикаға енгізілгені практикалық қызметке енгізу актісімен расталады (2-қосымша).

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді цифрлық сүйемелдеу, дербес деректерді қорғау, ведомствоаралық мәлімет алмасу және цифрлық дәлелдемелердің жол берімділігі мәселелері бойынша заңнамасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу барысында пайдаланылуы мүмкін.

1 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу

1.1 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алудың ұғымы мен құқықтық табиғаты

Қазақстан Республикасындағы жария басқарудың қазіргі даму кезеңі мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру саласына цифрлық технологиялардың жүйелі түрде енгізілуімен сипатталады. Бұл үдеріс қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықтық тәртіпті сақтау салаларын да қамтиды. Осындай түрленудің айқын көріністерінің бірі – жол жүрісі қағидаларын бұзу фактілерін анықтау, тіркеу, есепке алу, өңдеу және кейіннен пайдалану үшін автоматтандырылған техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелерді қолдану. Осыған байланысты заң ғылымы мен құқық қолдану тәжірибесінде әкімшілік-құқықтық реттеудің жаңа бағыты қалыптасып келеді. Оны жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу деп айқындауға болады.

А.В. Кузьмин, Е.В. Грызунова және Е.М. Смирнова қазіргі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуын құқық субъектілерінің әлеуметтік-құқықтық өзара іс-қимылындағы неғұрлым айқын үрдістердің бірі ретінде бағалай отырып, электрондық құжат айналымы көлемінің артуын, электрондық дәлелдемелердің сәйкестендіруші мәнінің күшеюін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілер жөніндегі ақпараттық мазмұнның іс жүзінде толықтай цифрлық форматқа көшуін атап көрсетеді. Авторлардың пікірінше, мұның бәрі құқықты цифрландырудың және жаңа қорғалған электрондық технологияларды мемлекет белгілеген мінез-құлық қағидалары жүйесіне, құқықты іске асыру қызметіне енгізудің жалпы бағытын білдіреді, ал бұл өз кезегінде құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған [3, 209-б.].

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңның 1-бабы 11) тармақшасына сәйкес арнайы есепке алу дегеніміз – мемлекеттік құқықтық статистика саласында мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында құжатталған ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жүйелеу, сыныптау және сақтау [4].

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 20-бабының 2 және 3-тармақтарына сай цифрлық объектілер оларды сәйкестендіру, санаттарға бөлу, сипаттау және цифрлық объектілер сыныптауышында есепке алу арқылы жүйеленуге тиіс, ал мұндай сыныптауышты уәкілетті орган қалыптастырады және жүргізеді. Бұл ретте цифрлық объектілерге: 1) цифрлық жазбалар; 2) цифрлық активтер; 3) цифрлық ресурстар; 4) бағдарламалық қамтамасыз ету; 5) цифрлық жүйелер; 6) цифрлық платформалар; 7) цифрлық инфрақұрылым объектілері; 8) цифрлық деректер өнімдері; 9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де цифрлық объектілер жатады [5].

Аталған ұғымды ғылыми тұрғыдан пайымдаудың өзектілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы зерттеліп отырған құбылыстың жекелеген элементтерін реттегенімен, оны дербес кешенді құқықтық құрылым ретінде нақты бекітпейтіндігімен түсіндіріледі. Алайда бүгінде дәл осы цифрлық есепке алу арқылы құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер тіркеліп,

жинақталып қана қоймай, дәлелдемелік база қалыптастырылады, әкімшілік-юрисдикциялық шешімдер қабылданады, нұсқамалар мен санкциялардың орындалуы бақыланады, сондай-ақ жол қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттің профилактикалық функциясы іске асырылады. Демек, мәселе жекелеген техникалық рәсімде емес, әкімшілік іс жүргізу мен мемлекеттік ақпараттық басқару жүйесіне ендірілген толыққанды құқықтық тетік туралы болып отыр.

Теориялық тұрғыдан алғанда, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу әкімшілік-құқықтық ғылымда мемлекеттік басқару міндеттерін іске асыру мақсатында заңдық маңызы бар ақпаратты жинау, тіркеу, жүйелеу, сақтау және пайдалану жөніндегі уәкілетті субъектілердің ұйымдастырылған қызметі ретінде түсінілетін мемлекеттік есепке алудың неғұрлым кең санатынан туындайды. Дәстүрлі есепке алу нысандарынан өзгеше, цифрлық есепке алу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электрондық құжаттарды, деректерді автоматтандырылған өңдеу алгоритмдерін, ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимылды және техникалық тіркеу құралдарын қолдануға негізделеді. Осы арқылы есептік қызмет негізінен қағаз жүзіндегі және локалды сипаттан бас тартып, шапшаңдықты, ауқымдылықты, қадағалану мүмкіндігін және ақпаратты кейіннен талдамалық мақсатта пайдалануды қамтамасыз ететін серпінді цифрлық ортаға көшеді.

Осы тұрғыда А.Ю. Попов пен А.М. Резаеваның пікіріне назар аударған жөн. Олар цифрлық технологиялар еңбекті көп қажет ететін және біртекті міндеттерді едәуір жеңілдететінін, басқарушылық шешімдер қабылдауға жәрдемдесетінін, сондай-ақ талдамалық жұмысқа басымдық беруге мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Бұл, сөзсіз, ұйым қызметінің тиімділігі мен өнімділігіне әсер етеді [6, 15-б.].

Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алудың мәндік ерекшелігі оның объектісі кез келген ақпарат емес, дәл заңдық маңызы бар оқиғаға – жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылыққа, оның белгілеріне, қатысушыларына, жасалған уақыты мен орнына, тіркеудің техникалық параметрлеріне, материалдардың процестік мәртебесіне және оларды қарау нәтижелеріне қатысты деректер болуында. Сондықтан цифрлық есепке алу ақпаратты жай ғана жинақтау емес; ол әкімшілік құқық бұзушылық құрамының бар-жоғын, жауаптылық субъектісін, дәлелдемелердің жол берімділігін және қабылданған шешімді орындау мүмкіндігін айқындау үшін маңызы бар мәліметтерді құқықтық тұрғыдан саралау мен институционалдық ретке келтірудің нысаны болып табылады.

Осыған сүйене отырып, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу деп әкімшілік және ақпараттық заңнама нормаларына негізделген, уәкілетті мемлекеттік органдар мен біріктірілген ақпараттық жүйелердің жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы мәліметтерді әкімшілік жауаптылықты қамтамасыз ету, қаулылардың орындалуын бақылау және жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында автоматтандырылған не

электрондық делдалдық арқылы тіркеу, есепке алу, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану жөніндегі қызметін түсіну ұсынылады.

Бұл анықтама зерттеліп отырған құбылыстың бірнеше міндетті белгісін айқындауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, цифрлық есепке алу нормативтік тұрғыдан айқындалған сипатқа ие. Ол құқықтан тыс өмір сүрмейді және оны тек технологиялық процесс ретінде қарастыруға болмайды. Оның мазмұны Қазақстан Республикасының Конституциясымен [7], Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен [8], «Жол жүрісі туралы» Заңымен [9], «Ақпараттандыру туралы» Заңымен [10], «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен [11], сондай-ақ ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу тәртібін, электрондық құжат айналымын, техникалық тіркеу құралдарын және ведомствоаралық деректер алмасуды реттейтін өзге де заңға тәуелді актілермен айқындалады. Сондықтан цифрлық есепке алудың құқықтық табиғаты бастапқыдан-ақ жария-құқықтық сипатқа ие.

Екіншіден, цифрлық есепке алудың дәлелдемелік маңызы бар. Ішкі статистикалық немесе қызметтік есепке алудан айырмашылығы, бұл тіркеу нысаны әкімшілік-юрисдикциялық процеске тікелей ықпал етеді. Себебі арнайы техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелер арқылы алынған мәліметтер істің мән-жайларын анықтау, құқық бұзушылық оқиғасын растау, көлік құралын сәйкестендіру, адамның процестік мәртебесін белгілеу және қаулы шығару кезінде пайдаланылады. Осыдан цифрлық есепке алу тек құқық қолданудың ұйымдастырушылық негізі ғана емес, дәлелдеу тетігінің де құрамдас бөлігі болып табылатыны туындайды.

Үшіншіден, цифрлық есепке алу ақпараттық-жүйелік табиғатымен ерекшеленеді. Оның іске асырылуы электрондық дерекқорларсыз, мемлекеттік ақпараттық жүйелерсіз, мәліметтерді берудің цифрлық арналарысыз, ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламалық құралдарсыз және оған қол жеткізудің белгіленген қағидаларынсыз мүмкін емес. Осы себепті аталған институт әкімшілік құқық пен ақпараттық құқықтың түйісер тұсында орналасады. Әкімшілік-құқықтық тұрғыдан ол юрисдикциялық қызметтің мақсаттарына қызмет етсе, ақпараттық-құқықтық өлшемде мемлекеттік жүйелерде деректерді заңды түрде өңдеу, сақтау және пайдалану нысандарының бірі ретінде көрініс табады.

Төртіншіден, цифрлық есепке алу процестік жағынан делдалданған сипатқа ие. Автоматты тіркеу көбіне таза техникалық әрекет ретінде қабылданғанымен, құқықтық мағынада ол әкімшілік іс жүргізудің бастапқы кезеңі немесе оның дәлелдемелік алғышарты болып саналады. Бұл цифрлық есепке алу заңдылық, шынайылық, тексерілу мүмкіндігі, қатыстылық және жол берімділік сияқты жалпы талаптарға сай болуы тиіс дегенді білдіреді. Осы талаптардың кез келгенінің бұзылуы түпкілікті процестік шешімнің заңдылығына күмән келтіруі мүмкін.

Бесіншіден, цифрлық есепке алу тек жазалаушы емес, сонымен бірге басқарушылық және профилактикалық функцияларды да орындайды. Оның көмегімен мемлекет жол жүрісі қағидаларын бұзудың жекелеген фактілерін анықтап, тіркеп қана қоймай, апат қаупі жоғары учаскелерді, құқыққа қарсы мінез-құлықтың типтік үлгілерін, құқық бұзушылықтардың қайталануын, көлік тәртібінің динамикасын және әкімшілік ықпал ету шараларының тиімділігін талдауға мүмкіндік беретін деректер массивін қалыптастырады. Демек, цифрлық есепке алу бір мезгілде юрисдикция құралы да, басқарушылық аналитика құралы да болып табылады.

Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алудың құқықтық табиғаты оның әкімшілік құқық жүйесіндегі орнын талдау арқылы неғұрлым толық ашылады. Өз мазмұны жағынан ол атқарушы билікті іске асырудың ұйымдастырушылық-процестік нысандарының қатарына жатады. Мемлекет уәкілетті органдар арқылы жол жүрісі қағидаларын белгілейді, олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді, құқық бұзушылық фактілерін тіркейді, әкімшілік іс жүргізуді бастайды және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданады. Осы өкілеттіктердің материалдық әрі ақпараттық негізін қамтамасыз ететін де – цифрлық есепке алу. Сондықтан оны цифрлық ортада жүзеге асырылатын әкімшілік қызмет нысандарының бірі ретінде қарастыру орынды.

Осы контексте Е.М. Хакимовтың пікіріне назар аударуға болады. Ол жол жүрісі қағидаларын бұзуға кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту субъектісі ретіндегі полиция қызметі әртүрлі бағыттағы бірқатар функцияларды, соның ішінде фактографиялық-тіркеу функциясынан бастап, цифрлық технологияларды қолдану арқылы әкімшілік жауаптылықтың тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету функциясына дейін қамтитынын атап көрсетеді [12, 137-б.].

Жол жүрісі қауіпсіздігі ғылыми-теориялық талдаудың, заңнамалық тетіктерді енгізу мен іске асырудың, сондай-ақ оны қамтамасыз етуші субъектілер қызметінің оңтайлы ұйымдастырушылық нысандарын қалыптастырудың тұрақты объектілерінің бірі болып табылады. Бұл ұғымның мазмұнында көлік құралдарын пайдалану және жол жүрісіне өзге қатысушылардың мінез-құлқымен тікелей байланысты тұрақты элементтермен қатар, әртүрлі әлеуметтік процестердің көрінісі болып табылатын серпінді факторлар да ұштасады. Мұндай серпінді факторлар жол жүрісі қауіпсіздігінің өзіне де, оны қамтамасыз ету қызметіне де қатысты болуы мүмкін. Мәселен, қазіргі кезеңде адам қызметінің әртүрлі салаларын цифрландыру мәселелері жол жүрісі қауіпсіздігіне әртүрлі бағытта ықпал етеді. Бір жағынан, әртүрлі құрылғылардың, әсіресе ұялы байланыс аппараттарының алаңдатушы әсерін құқықтық құралдармен реттеу қажеттігі туындайды. Екінші жағынан, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі тұрғысынан алғанда, цифрлық технологиялар жүргізушілердің тәртібін арттырып қана қоймай, жол қозғалысын жанаспай бақылауды жүзеге асыруға да мүмкіндік береді [13].

Германияда әкімшілік және қылмыстық іс жүргізу шеңберінде істерді есепке алу жүйелерінің көпшілігі шамамен жиырма жылға жуық уақыт бойы қажетті архивтермен, мобильді қосымшалармен және өзге де цифрлық құралдармен жабдықталған автоматтандырылған жүйелер арқылы жүзеге асырылып келеді [14, 68-б.]. ТМД мемлекеттерінде де көлік құралдарының айналымын бақылау, жүргізуші куәліктерін тіркеу және өзге де бағыттар бойынша әртүрлі интеграцияланған ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға талпыныстар жасалуда [15, 57-б.].

Сонымен қатар цифрлық есепке алуды әкімшілік іс жүргізумен толықтай теңестіруге болмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, әдетте, қызметтің неғұрлым айқын және рәсімделген мәжбүрлеу аспектісі бар түрлерінің бірі болып саналады [16, 28-б.].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу іс қозғау, дәлелдемелерді жинау және бағалау, материалдарды қарау, қаулы шығару, қайта қарау және орындау сияқты анағұрлым кең процестік әрекеттерді қамтиды. Ал цифрлық есепке алу осы сатылардың бәрін қамтып өтіп, олардың ақпараттық сабақтастығын қамтамасыз етеді және әрбір кезеңде заңдық маңызы бар деректерді тіркейді. Сондықтан оны жол жүрісі қағидаларын жаппай бұзу фактілерін тіркеу мен қараудың қазіргі заманғы тетіктерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әкімшілік юрисдикцияның цифрлық инфрақұрылымы ретінде сипаттау дұрысырақ.

Цифрлық есепке алу мен цифрлық дәлелдемелердің арақатынасы мәселесі де ерекше мәнге ие. Ғылыми тұрғыдан алғанда, автоматтандырылған құралдар арқылы алынған мәліметтерді өздігінен жеткілікті және құқықтық бағалауды қажет етпейтін дерек ретінде қарастыру қате болар еді. Керісінше, мұндай ақпараттың заңдық құндылығы белгілі бір шарттар сақталған кезде ғана туындайды: техникалық құралды қолданудың заңдылығы, дереккөздің тиісінше сәйкестендірілуі, тіркелген ақпараттың тұтастығы, оны тексеру мүмкіндігі, материалдарды іске енгізудің белгіленген тәртібін сақтау және мүдделі тұлғаның онымен танысу, дау айту құқығын қамтамасыз ету. Сондықтан цифрлық есепке алу әрбір ақпарат бірлігі тек техникалық емес, дәлелдемелік тұрғыдан да қадағаланып отыратындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.

Осы тұрғыдан қарағанда, цифрлық есепке алудың құқықтық табиғаты өзара байланысты үш элементтен тұрады: тіркеушілік, процестік-дәлелдемелік және басқарушылық-бақылаушылық.

Тіркеушілік элемент құқық бұзушылық оқиғасын тіркеуден және тиісті мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық контурға енгізуден көрінеді. Бұл кезеңде цифрлық есепке алу ықтимал құқыққа қайшы әрекеттің анықталғаны туралы ресми куәландыру қызметін атқарады.

Процестік-дәлелдемелік элемент жинақталған мәліметтерді істің мән-жайларын дәлелдеуге және әкімшілік шешім қабылдауға пайдаланудан байқалады. Дәл осы сатыда материалдардың жол берімділігі мен шынайылығы мәселесі ерекше өткір қойылады.

Басқарушылық-бақылаушылық элемент ақпараттың одан арғы қозғалысымен байланысты: хабарламалар жолдау, істің мәртебесін бақылау, қаулының орындалуын есепке алу, талдамалық мәліметтер мен профилактикалық шешімдер қалыптастыру. Дәл осы элемент цифрлық есепке алуды бір реттік тіркеуден әкімшілік істі сүйемелдеудің үздіксіз цикліне айналдырады.

Осыдан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алудың құқықтық табиғаты кешенді, көпдеңгейлі және функциялық тұрғыдан кіріктірілген сипатқа ие деген қорытынды туындайды.

Бұл ретте цифрлық есепке алу институтын ғылыми сипаттаудағы ең маңызды өлшемдердің бірі – оның адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысы. Мемлекеттің бақылау қызметін цифрландыру азаматтар мен жол жүрісіне өзге де қатысушылардың мінез-құлқы туралы мәліметтерді жинау және жинақтау мүмкіндігін объективті түрде кеңейтеді. Осы себепті цифрлық есепке алу адам құқықтарын қорғаудың конституциялық және заңнамалық кепілдіктерімен шектелуге тиіс. Ең алдымен, бұл дербес деректерді қорғау құқығына, тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне әсер ететін ақпаратқа қол жеткізу құқығына, мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымдану құқығына, сондай-ақ әкімшілік-деликтік процестегі кінәсіздік презумпциясына қатысты. Басқаша айтқанда, мемлекет бақылауды күшейту үшін цифрлық технологияларды пайдалануға құқылы, бірақ оларды тиісінше құқықтық рәсімнен тыс құқықтарды автоматтандырылған түрде шектеудің құралына айналдыруға құқылы емес.

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 41-бабы 4-тармағы 2) тармақшасының мазмұнынан дербес деректерді жою, иесіздендіру немесе оларды өңдеуді шектеу туралы талап, егер дербес деректерді сақтау құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау үшін қажет болса, орындалуға жатпайтыны туындайды [5].

Бұл норма «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1) тармақшасымен өзара үйлеседі. Аталған нормаға сәйкес құқық қорғау органдарының, соттардың және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайтын, қарайтын, атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі барысында дербес деректерді жинау және өңдеу деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жүргізіледі [11].

Осыдан тағы бір қағидатты қорытынды шығады: цифрлық есепке алуды өз ішкі логикасымен жұмыс істейтін автономды технологиялық жүйе ретінде қарастыруға болмайды. Керісінше, ол цифрлық процестердің құқықтық детерминациясы қағидатына негізделуі қажет. Яғни әрбір технологиялық операцияның айқын құқықтық негізі, жауапты субъектісі, процестік тұрғыда тіркелетін нәтижесі және сыртқы тексерілу мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл әсіресе жол жүрісі қағидаларын бұзу істерінде маңызды, өйткені құқық бұзушылықтарды жаппай тіркеу, автоматтандыру деңгейінің жоғары болуы

және лауазымды адамның тікелей қатысуының азаюы дәлелдемелерді бағалауда және жауаптылыққа тартылатын адамдардың құқықтарын сақтауда формализм тәуекелін күшейтеді.

Диссертациялық зерттеу тұрғысынан «цифрлық есепке алу», «автоматты тіркеу», «электрондық әкімшілік іс жүргізу» және «цифрлық бақылау» ұғымдарының ара-жігін ажырату да қажет.

Автоматты тіркеу – құқық бұзушылық оқиғасы туралы мәліметтерді бастапқы түрде алудың бір тәсілі ғана.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 31-бабының мазмұнына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімімен интеграцияланған цифрлық объект арқылы деректерді өңдеу жолымен, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін техникалық құралдарды пайдалану арқылы анықталған немесе тіркелген жағдайда, мұндай құқық бұзушылықтарды жасаған адамдар көрсетілген деректерді өңдеу нәтижелері бойынша анықталып, әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Ал көлік құралын пайдалана отырып жасалған әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде анықталған немесе тіркелген кезде, әкімшілік жауаптылыққа көлік құралының меншік иелері не иеленушілері тартылады.

Сонымен бірге көлік құралының меншік иесі немесе иеленушісі, егер оның хабарламасы немесе өтініші бойынша жүргізілген тексеру барысында құқық бұзушылық анықталған не тіркелген кезде көлік құралы кімнің иелігінде болғаны анықталса немесе көлік құралының өзге тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан оның иелігінен шығып кеткені дәлелденсе, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Автоматты режимде жұмыс істейтін техникалық құралдарға метрологиялық тексеруден өткен сертификатталған бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптар, сондай-ақ өлшеу көрсеткіштері қолданылмайтын оқиғаларды анықтайтын немесе тіркейтін, техникалық реттеу және киберқауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін сертификатталған техникалық құралдар мен аспаптар жатады [8].

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 971 бұйрығымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін және қылмыстық әрі әкімшілік құқық бұзушылық фактілерін тіркеуге арналған техникалық құралдарды пайдалану жөніндегі Нұсқаулық бекітілгені белгілі. Бұл құжат ішкі істер органдарының жеке құрамының патрульдік-постық қызмет атқаруы кезінде қоршаған ортаны, азаматтар мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін, сотталғандар мен қамауда ұсталатын адамдар тарапынан жасалатын бұзушылықтарды, тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандарын, оның ішінде көші-қон бақылауын, сондай-ақ профилактикалық іс-шаралар мен арнайы операциялар

жүргізуді тіркеу үшін аудио-бейнетіркеу құралдарын пайдалану тәртібін айқындайды [17].

Келесі ұғым – «электрондық әкімшілік іс жүргізу». Бұл – істің әртүрлі сатыларында электрондық құжаттар мен цифрлық сервистерді пайдалануға мүмкіндік беретін неғұрлым кең процестік модель.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 737-1-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу қағаз және (немесе) электрондық нысанда Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін пайдалану арқылы жүзеге асырылады [8].

Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығымен белгіленген [18].

Ал «цифрлық бақылау» ұғымы, біздің пайымдауымызша, мемлекеттің міндетті қағидалардың сақталуын цифрлық технологияларды қолдана отырып қадағалауға бағытталған басқарушылық қызметін білдіреді.

Цифрлық есепке алу болса, құқық бұзушылық туралы заңдық маңызы бар ақпараттың пайда болған сәтінен бастап оны жауаптылық, орындау және профилактика мақсатында пайдалануға дейінгі жүйелендірілген қозғалысын қамтиды. Сондықтан ол бақылау, тіркеу және іс жүргізу арасындағы аралық, бірақ жүйе құраушы орын алады.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 10, 11, 12-тармақшаларында ведомстволық есепке алу, арнайы есепке алу және жедел есепке алу ұғымдары берілген. Атап айтқанда:

– ведомстволық есепке алу – мемлекеттік органның ведомствоішілік қызметін қамтамасыз ету үшін жедел және арнайы есепке алуға қатысы жоқ адамдар, заттар және оқиғалар туралы мәліметтерді жинау, тіркеу, жүйелеу, сыныптау және сақтау;

– арнайы есепке алу – мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистика саласындағы құжатталған ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жүйелеу, сыныптау және сақтау;

– жедел есепке алу – құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жедел-іздестіру қызметін қамтамасыз ету үшін адамдар туралы мәліметтерді жинау, тіркеу, жүйелеу, сыныптау және сақтау [4].

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алуды мемлекеттің юрисдикциялық қызметін цифрландырудың қазіргі кезеңін сипаттайтын дербес әкімшілік-құқықтық санат ретінде тануға негіз бар. Оның қалыптасуы лауазымды адамның құқық бұзушылықты тікелей анықтауына негізделген дәстүрлі әрекет ету моделінен, техникалық тіркеу құралдары, мемлекеттік ақпараттық жүйелер, тексеру алгоритмдері және процестік әрекеттердің электрондық іздері шешуші мәнге ие болатын әкімшілік циклді цифрлық сүйемелдеу моделіне көшуді білдіреді.

Мәселенің осылай қойылуының ғылыми құндылығы мынада: ол жекелеген техникалық шешімдерді сипаттаумен шектелмей, цифрлық есепке алудың құқықтық режимін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде автоматты құралдармен алынған мәліметтердің мәртебесін айқындау, есептік деректердің ең төменгі құрамына қойылатын талаптарды әзірлеу, ведомствоаралық ақпарат алмасудың шектерін белгілеу, цифрлық материалдарды сақтау тәртібін, дербес деректерді қорғау кепілдіктерін, цифрлық хабарландыру рәсімдерін және қаулылардың орындалуын бақылау тетіктерін құқықтық тұрғыдан реттеу сияқты неғұрлым нақты мәселелерді шешудің теориялық негізін қалыптастырады.

Дәл осындай түсінікте цифрлық есепке алу шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарға байланысты арнайы мәселелерді одан әрі зерттеудің базалық санаты ретінде көрінеді. Өйткені трансшекаралық жағдайларда цифрлық есепке алудың жалпы проблемалары жауаптылық субъектісін сәйкестендіру, мемлекеттік органдар арасында мәліметтермен заңды алмасуды ұйымдастыру, ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және цифрлық материалдардың заңдық маңызын растау қажеттілігіне байланысты одан әрі күрделене түседі.

Жүргізілген талдау жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу қосалқы техникалық құрал емес, жол қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік жауаптылықтың ақпараттық, дәлелдемелік және ұйымдастырушылық негізін қамтамасыз ететін кешенді құқықтық институт екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Оның құқықтық табиғаты тіркеушілік, процестік-дәлелдемелік және басқарушылық-бақылаушылық құрамдастардың бірлігі арқылы, ал олар өз кезегінде тұлға құқықтарының конституциялық кепілдіктерін міндетті түрде сақтай отырып жария-құқықтық реттеу аясында іске асырылатын жүйе ретінде ашылады.

Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу фото және бейнетіркеуге байланысты шашыраңқы техникалық операциялардың жиынтығы емес, цифрлық ортада мемлекеттің бақылау және юрисдикциялық функцияларын іске асырудың қазіргі заманғы нысанын бейнелейтін дербес әкімшілік-құқықтық санат болып табылады.

Сонымен бірге цифрлық есепке алудың құқықтық табиғаты кешенді сипатқа ие, бұл оны жол қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік юрисдикцияның цифрлық инфрақұрылымы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу құқық бұзушылықты автоматты тіркеумен тең емес, өйткені автоматты тіркеу деректерді бастапқы алудың бір ғана тәсілі болса, цифрлық есепке алу заңдық маңызы бар ақпараттың қозғалысының бүкіл циклін – оқиғаны тіркеуден бастап қабылданған шешімнің орындалуын бақылауға дейінгі аралықты қамтиды.

Қарастырылып отырған институттың заңдық құндылығы техникалық тіркеу фактісінің өзімен емес, ақпараттың дәлелдемелік жарамдылығы

шарттарының сақталуымен айқындалады. Олардың қатарына мәліметтерді алудың заңдылығы, деректердің тұтастығы, қадағалану мүмкіндігі, тексерілуі және оларды әкімшілік іс жүргізу шеңберінде процестік тұрғыдан дұрыс пайдалану жатады. Осыған байланысты оны нәтижелері заңдық фактілерді анықтау, әкімшілік жауаптылық мәселесін шешу және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін тікелей пайдаланылатын, статистикалық және ведомстволық есепке алудан ерекшеленетін арнайы мақсаттағы мемлекеттік есепке алу нысаны ретінде қарастырған жөн.

Жария басқаруды цифрландыру жағдайында цифрлық есепке алудың ұғымын, қағидаттарын, есептік деректердің құрамын және оны әкімшілік қудалау мақсатында пайдаланудың шектерін нормативтік тұрғыдан нақтылауды қажет ететін дербес құқықтық режим ретінде институционалдық оқшаулану үрдісі қалыптасып келеді. Бұл ретте тұлға құқықтарының кепілдігі цифрлық есепке алудың құқықтық табиғатының міндетті элементі ретінде қарастырылуға тиіс, өйткені әкімшілік органдардың бақылау қызметінде цифрлық технологияларды қолдану дербес деректерді өңдеудің заңдылығын, тұлғаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу құқығын, қорғау құқығын және шағымдану құқығын сақтаған жағдайда ғана жол беріледі.

Цифрлық есептік деректердің ең төменгі стандартын, оларды сақтау тәртібін, ведомствоаралық алмасу және дәлелдемелік мақсатта пайдалану қағидаларын құқықтық тұрғыдан реттеу өзекті мәселе болып табылады және терең ғылыми әрі практикалық пайымдауды талап етеді.

Осылайша, жол жүрісі қағидаларын мемлекеттік реттеу саласында ескерілуі мүмкін практикалық ұсынымдар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

– жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу цифрлық ортада мемлекеттің бақылау және юрисдикциялық функцияларын іске асырудың қазіргі нысанын білдіретін дербес әкімшілік-құқықтық санат болып табылады, ал оның құқықтық табиғаты тіркеушілік, процестік-дәлелдемелік және басқарушылық-бақылаушылық элементтерді қамтитын кешенді сипатқа ие;

– «цифрлық есепке алу» мен «құқық бұзушылықты автоматты тіркеу» ұғымдары өзара тең емес, өйткені цифрлық есепке алу заңдық маңызы бар ақпараттың оқиғаны тіркеуден бастап шешімнің орындалуын бақылауға дейінгі барлық қозғалысын қамтиды;

– цифрлық есепке алуды қолдануға тек конституциялық кепілдіктерді, дербес деректерді қорғау туралы заңнама талаптарын, қорғау мен шағымдану құқықтарын сақтаған, сондай-ақ ақпараттың дәлелдемелік жарамдылығы шарттары – мәліметтерді алудың заңдылығы, деректердің тұтастығы, қадағалану мүмкіндігі, тексерілуі және процестік тұрғыдан дұрыс пайдаланылуы қамтамасыз етілген жағдайда ғана жол берілуі тиіс.

1.2 Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың проблемалық аспектілері

Айқын қайшылықтардың болуы әрдайым отандық заңнамадағы нормативтік реттеудің белгілі бір проблемалы тұстарын [19, 13-б.] немесе құқық қолдану қызметіндегі олқылықтарды аңғартады.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағында мынадай іргелі қағидаттар көзделген:

- Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ соларға жүктелген міндеттерді орындайды;

- Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де мән-жайларға қарамастан заң мен сот алдында тең;

- шетелдіктердің өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, халықтың имандылығы мен денсаулығына қол сұқпауға тиіс [20].

Соған қарамастан, құқықтық реттеудің бар екеніне қарамастан, шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың проблемалық қырлары қазіргі кезеңде тек қолданбалы емес, сонымен бірге қағидатты теориялық-құқықтық маңызға ие болып отыр.

Бұл жағдай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, әкімшілік жауаптылықтың, ақпараттандырудың және дербес деректерді қорғаудың жалпы негіздерін жеткілікті деңгейде регламенттегенімен, шетелдік элементпен күрделенген істерді цифрлық сүйемелдеудің дербес әрі тұтас құқықтық режимін қалыптастырмай отырғанымен түсіндіріледі.

Дәл осындай элементтің, яғни тұлғаның шетел азаматтығының, көлік құралының шетелдік тіркеуде болуының, субъектінің ұлттық ақпараттық контурдан тыс орналасуының және басқа да факторлардың болуы құқық бұзушылықты тіркеу мәселесін күнделікті әкімшілік ден қою шеңберінен шығарып, күрделі салааралық және ведомствоаралық құқықтық өзара іс-қимыл кеңістігіне ауыстырады.

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы адам өмірі мен денсаулығын қорғауға, жол жүрісіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жол-көлік жарақаттанушылығының алдын алуға бағдарланған жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын бекітеді [9]. Бұдан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды анықтау мен есепке алудың барлық тетіктері жол қауіпсіздігінің тұрақты әрі

заңды режимін қамтамасыз ету деген ортақ мақсатқа бағынуға тиіс деген қорытынды шығады.

Алайда шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары қатысатын істерде аталған мақсат субъектіні сәйкестендірудің, мәліметтерге қол жеткізудің, процестік кепілдіктерді іске асырудың және қаулылардың орындалуының ерекшеліктеріне байланысты бірқатар шектеулерге ұшырайды. Соның нәтижесінде мұндай жағдайларда цифрлық есепке алу тек техникалық рәсім болудан қалып, арнайы ғылыми талдауды талап ететін құқықтық мәселеге айналады.

Осы тұрғыда ғылыми әрі практикалық пайымдауды қажет ететін бірнеше проблемалық блокты бөліп көрсетуге болады.

Бірінші проблемалық блок жауаптылық субъектісін анықтауға байланысты.

Ұлттық әкімшілік өндірісте цифрлық есепке алу дәстүрлі түрде «көлік құралы – мемлекеттік тіркеу нөмірі – меншік иесі – хабарлама жіберілетін мекенжай – қаулыны орындау» деген тұрақты байланысқа сүйенеді.

Мұндай модель көлік құралы мен оның иесі ұлттық мемлекеттік ақпараттық жүйелерге енгізілген және олар туралы мәліметтер уәкілетті органға заңды әрі жедел тәртіппен қолжетімді болған жағдайда тиімді жұмыс істейді.

Алайда шетелдік көлік құралдары қатысқан кезде бұл байланыс жиі үзіледі немесе толық болмай шығады. Шетелдік үлгідегі тіркеу нөмірінің болуының өзі жауаптылыққа тартылуға тиіс тұлғаны заңдық тұрғыдан сенімді анықтауға әрдайым мүмкіндік бермейді. Себебі нақты жүргізуші, меншік иесі, пайдаланушы, уақытша иеленуші және көлік құралын Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тұлға арасында толық сәйкестік болмауы мүмкін.

Біздің ойымызша, шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы істерде сәйкестендіру мәселесі техникалық емес, құқықтық-дәлелдемелік сипатқа ие. Ол нөмірді жай тануда немесе автокөліктің бейнесін тіркеуде емес, құқық бұзушылық оқиғасы, нақты көлік құралы және әкімшілік жауаптылық субъектісі арасындағы құқықтық байланысты дәлелденетін түрде белгілеуде жатыр. Демек, цифрлық тіркеу фактісінің өзі есептік тіркеу үдерісін аяқтамайды; керісінше, ол ең осал кезеңді, яғни деректерді құқықтық верификациялау сатысын бастайды.

2021 жылғы ақпанда күшіне енген өзгерістер тұрғысынан алғанда, яғни Қазақстан Республикасы азаматтарының өзімен бірге жүргізуші куәлігі мен техникалық паспорт алып жүру міндеті жойылғаннан кейін, әкімшілік мәжбүрлеу шарасы ретінде жеткізу қазіргі уақытта Қазақстан есебінде тұрмайтын шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты қолданылуы мүмкін. Дегенмен бұл мән-жай құқық қолдану тәжірибесін жеткізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде қолданудың жиілігі мен негізділігі тұрғысынан тұрақты мониторингтеудің қажеттілігін жоққа шығармайды [12, 83-б.].

Екінші проблемалық блок мәліметтердің ақпараттық қолжетімділігі мәселесін құрайды.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жария саладағы ақпараттық жүйелердің, цифрлық ресурстардың және электрондық өзара іс-қимылдың жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін бекітеді [10].

Сонымен бірге ақпараттандыруға қатысты жалпы нормалардың болуы Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелген көлік құралдары мен олардың иелері туралы деректердің шектеулі үйлесімділігі мен толық интеграцияланбауы мәселесін іс жүзінде шешпейді.

Құқық бұзушылықты техникалық тұрғыдан тіркеу мүмкіндігі болған жағдайда, сыртқы немесе сабақтас мемлекеттік контурлардан, яғни шекаралық, көші-қон, кедендік, тіркеу және өзге де жүйелерден мәліметтерді заңды әрі уақтылы алу мәселесі туындайды. Мұндай ақпараттың жеткілікті деңгейде үйлеспеуі цифрлық есепке алудың тиімділігін төмендетіп, құқық бұзушылықты қате сәйкестендіру қаупін туындатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының тұрғысынан қарағанда, анағұрлым нақты аспектіде әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағы құқық қолданушыға іс-әрекетті ҚР ӘҚБтК-нің белгілі бір бабының мазмұнымен сәйкестендіруге және оны сыртқы белгілері бойынша ұқсас өзге әрекеттерден ажыратуға мүмкіндік беретін нақты белгілер жиынтығын білдіреді [21, 13-б.].

Сондықтан шетел азаматтары қатысатын істерде цифрлық есепке алу тек фото немесе бейнетіркеуге сүйенетін тетік ретінде емес, көпқабатты жүйе ретінде қарастырылуға тиіс.

Заңды шешім қабылдау үшін құқық бұзушылық оқиғасы туралы деректермен бірге көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңды негіздері, мемлекеттік шекараны кесіп өтуі, оны ел аумағына әкелген тұлға, ықтимал пайдаланушы, сондай-ақ кейіннен хабардар ету үшін пайдаланылатын байланыс арналары туралы мәліметтерді қамтитын кеңейтілген цифрлық досье қалыптастыру қажет. Осындай кеңейтілген деректер құрылымы болмаған жағдайда цифрлық есепке алу тиісті әкімшілік сүйемелдеуді қамтамасыз ете алмайтын толық емес әрі осал тетікке айналады.

Үшінші проблемалық блок әкімшілік өндіріс жүргізіліп жатқан тұлғаны хабардар ету мәселесімен байланысты.

Жалпы алғанда, әкімшілік процесті цифрландыру уақыт шығынын азайтуды, өндіріс қатысушыларымен коммуникацияны жеделдетуді және қағаз құжат айналымын қысқартуды көздейді. Алайда шетел азаматтарына қатысты бұл артықшылықтар толық көлемде көрініс таба бермейді. Мұндағы мәселе хабарламаны іс жүзінде жіберуде ғана емес, оның құқықтық нәтижелілігінде де жатыр. Хабарламаны тиісті деп тану үшін оның жіберілгенін техникалық тұрғыдан тіркеу жеткіліксіз. Тұлғаға оның мазмұнымен нақты танысуға, құқықтық салдарын түсінуге және қорғану құқығын іске асыруға шынайы мүмкіндік берілуге тиіс.

Бұл проблема шетел азаматының Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық жүйелерінде тұрақты цифрлық сәйкестендіруінің болмауымен, отандық хабарлау сервистерін пайдаланбауымен, ресми процестік өзара іс-қимылға жарамды байланыс мекенжайының болмауымен немесе әкімшілік рәсімдер аяқталғанға дейін ел аумағынан кетуімен күрделене түседі. Демек, бейрезиденттер үшін хабарландыру мәселесі мемлекетаралық, тілдік және процестік қырларды қамтиды. Мұндай жағдайларда хабарландыруға формалды көзқарас таныту кейіннен қаулының даулану қаупін арттырып, түбегейлі процестік кепілдіктердің сақталуына күмән туғызады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс қатысушыларын тиісінше хабардар ету тұрғысынан Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 743-бабына әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хабарламаларды мессенджерлер арқылы жіберуге тыйым салу жөнінде өзгерістер енгізуге байланысты заңнамалық бастаманы қарастырған орынды деп есептейміз.

Белгілі болғандай, 2025 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновтің төрағалығымен өткен Жедел цифрлық трансформация тобының (Цифрлық штаб) отырысының хаттамалық шешіміндегі «AITU мессенджерін іске қосу туралы» төртінші мәселе шеңберінде орталық мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға және квазимемлекеттік сектор ұйымдарына 2025 жылғы 15 қыркүйекке дейін: 1) барлық қызметкерлерге AITU мессенджерін орнатуды; 2) қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу кезінде жұмыс станцияларында шетелдік мессенджерлерді пайдалануға тыйым салуды қамтамасыз ету тапсырылды [22].

Сонымен бірге Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне AITU-ды Қазақстан Республикасының ұлттық мессенджері ретінде айқындау және тиісті өзгерістерді құқықтық актілерге енгізуді бастамалау тапсырылды.

Қазіргі уақытта құқық қолдану тәжірибесінде процестік құжаттар жасауға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қозғауға уәкілетті субъектілердің қызметтік ақпаратты, әкімшілік өндіріс қатысушыларына арналған хабарламалар мен извещениелерді шетелдік «WhatsApp», «Telegram» мессенджерлері арқылы жіберетін жағдайлары кездеседі, бұл кейіннен қабылданған шешімдер мен шығарылған актілерге шағым келтіруге негіз болуы мүмкін.

Халық арасында мессенджерлерді пайдалану танымалдығы тұрғысынан ұлттық AITU мессенджері енді ғана кең қолданысқа ене бастады, оны әзірге барлық азаматтар мен шетелдіктер пайдалана бермейді. Бұл оны ауқымды түрде енгізу үшін елеулі материалдық және уақыттық ресурстарды қажет етеді.

Осыған байланысты ӘҚБтК-нің 743-бабының 2-бөлігіне мынадай мазмұндағы екінші сөйлемді енгізу ұсынылады: «Интернет желісіндегі мессенджерлер арқылы хабарламаларды (извещениелерді) жіберуге тыйым салынады».

Мұндай хабарламаларды жеткізу мәселесін қазіргі уақытта өтініштердің қаралуы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қозғалғаны жөніндегі хабарламалар түсетін «1414» порталы арқылы барлық процестік әрекеттер бойынша міндетті push-хабарламалар жіберу жолымен шешуге болады.

Сонымен бірге Қазақстан аумағында шетелдіктерге немесе шетелдік көлік құралдарын басқаратын тұлғаларға мемлекеттік шекараны кесіп өткен кезде Қазақстандағы ұялы байланыс абоненттік нөмірлерін тіркеу не ұсыну бойынша императивтік талап белгілеу ұсынылады.

Аталған мәселені шешу кейіннен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша тартылатын тұлға дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, оған тиісті түрде жеткізілген хабарлама болған кезде, процестік әрекеттерді оның қатысуынсыз жүргізуге нақты мүмкіндік береді.

Төртінші проблемалық блок цифрлық материалдардың дәлелдемелік жарамдылығына қатысты.

Бір қарағанда құқық бұзушылықты автоматты тіркеу істің нақты мән-жайларына қатысты дауларды азайтатындай көрінуі мүмкін. Алайда іс жүзінде цифрлық орта дәлелдеме сапасына жаңа талаптар қояды. Шетелдік элементі бар істерде оқиғаның бейнесі, бейнежазба немесе уақыт пен орын туралы мәліметтер ғана емес, сонымен бірге деректер көзін, олардың қалыптасу жағдайларын, бұрмаланудың жоқтығын, өңдеу бірізділігін, цифрлық файлдың нақты оқиғаға тиесілігін және онымен жасалған әрбір әрекеттің процестік қадағалануын белгілеу мүмкіндігі маңызды мәнге ие болады. Басқаша айтқанда, мәселе цифрлық файлдың бар-жоғында емес, оның құқықтық тексерілу мүмкіндігінде.

Осыған байланысты шетелдік құқық бұзушыларға қатысты істерде цифрлық есепке алудың дәлелдемелік тұрақтылығы толық аудиторлық іздің сақталуына тәуелді екенін ерекше атап өткен жөн. Егер мемлекеттік орган оқиғаның қалай тіркелгенін, мәліметтердің қай жүйеде және кіммен өңделгенін, хабарламаның қандай негізде қалыптастырылғанын және жауаптылық субъектісін анықтау үшін қандай деректер пайдаланылғанын негіздей алмаса, цифрлық материал өзінің құқықтық құндылығын жоғалту қаупіне ұшырайды. Ұлттық субъектісі бар қалыпты істерде бұл тәуекел ішкі ақпараттық байланыстардың тұрақтылығымен ішінара жұмсартылуы мүмкін болса, трансшекаралық жағдайларда ол бірнеше есе артады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 12 қарашадағы № 121, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 1998 жылғы 1 желтоқсандағы № 1043ца, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 1998 жылғы 8 желтоқсандағы № 73, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 598, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы 2 желтоқсандағы № 429, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрінің 1998 жылғы 28 желтоқсандағы № 111 бірлескен бұйрығымен «Соттардың, прокуратура органдарының, алдын ала тергеу, анықтау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы

істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы» Нұсқаулық бекітілген [23].

Алайда аталған нормативтік акт цифрландыру үдерістерін және заттай дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып өзектендіруді қажет етеді.

Зерттеліп отырған қоғамдық қатынастар саласындағы дербес проблемалық аспектілердің бірі – дербес деректер туралы заңнаманың сақталуы.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы конституциялық кепілдіктерге негізделген және дербес деректерді өңдеудің заңдылық, құпиялылық, мөлшерлестік және қауіпсіздік қағидаттарын бекітеді.

Алайда дәл шетел азаматтары жасаған жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы істерде ең сезімтал мәселе туындайды: бейрезиденттің жеке басына, маршруттарына, көлік құралдарына, құжаттарына және байланыс деректеріне қатысты мәліметтер қандай көлемде, қандай негізде және қандай субъектілерге қолжетімді болуға тиіс?

Осы мәселе шешілмейінше, цифрлық есепке алу не деректердің жетіспеушілігінен тиімсіз болады, не ақпаратты жол берілмейтін көлемде өңдеу шегіне шығып кету қаупіне тап болады.

Демек, негізгі проблемалардың бірі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жария мүдде мен дербес деректерді қорғаудағы жеке мүдде арасындағы құқықтық тепе-теңдікті табу болып табылады. Бір жағынан, мемлекет тұлғаның азаматтығына қарамастан құқық бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз етуге міндетті. Екінші жағынан, ақпарат алмасуды кеңейту деректерді өңдеудің заңдылығын әлсіретпеуге және жеке ақпаратқа еркін қол жеткізуге жағдай жасамауға тиіс. Осы бөлікте цифрлық есепке алуды құқықтық реттеу бейрезиденттер туралы деректерді пайдаланудың мақсаттары, көлемі, сақтау мерзімдері және ведомствоаралық қолдану тәртібі жөнінде неғұрлым жоғары айқындықты талап етеді.

Бұған дейін атап өтілгендей, дербес деректерді жою, иесіздендіру немесе оларды өңдеуді шектеу туралы талап, егер дербес деректерді сақтау құқық бұзушылық туралы істерді қарау үшін қажет болса, орындалуға жатпайды [5].

Біздің ойымызша, осы тұрғыда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді тиісті қарауды қамтамасыз ету үшін сақталуға жататын дербес деректердің тізбесі нормативтік тұрғыдан нақты реттелуге тиіс.

Біздің пікірімізше, цифрлық есепке алудың ведомствоаралық сипаты да ерекше назар аударуды қажет етеді.

Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты ақпараттың заңды қозғалысы бір ведомство шеңберінде жүзеге аса алмайды. Істі толыққанды сүйемелдеу үшін бірнеше мемлекеттік субъектінің: ішкі істер органдарының, шекаралық бақылау органдарының, көші-қон органдарының, ықтимал жағдайда салық, кеден және сот орындаушылық құрылымдардың қатысуы қажет.

Алайда ведомствоаралық өзара іс-қимылдың өзі есепке алудың тұтастығына автоматты түрде кепілдік бермейді. Бірыңғай цифрлық істің архитектурасы болмаған жағдайда әр орган мәліметтердің өзіне тиесілі бөлігімен ғана жұмыс істейді, бұл фрагментарлыққа, қайталануға немесе маңызды ақпараттың жоғалуына әкеледі. Соның нәтижесінде біртұтас әкімшілік цикл жекелеген технологиялық эпизодтарға бөлініп кетеді де, цифрлық есепке алудың құқықтық тұрақтылығы төмендейді.

Сонымен бірге қарастырылып отырған қоғамдық қатынастар саласындағы басты мәселелердің бірі – қаулыны орындау мәселесі.

Құқық бұзушылық тиісті түрде тіркелген, субъект дұрыс анықталған және хабарлау тәртібі сақталған күннің өзінде қабылданған шешімнің нақты орындалуы туралы мәселе ашық күйінде қалады. Бейрезидентке қатысты әкімшілік қаулы, әдетте, азаматтар мен ұлттық юрисдикциялық байланыстағы көлік құралдары қатысқан істермен салыстырғанда әлдеқайда төмен тиімділік көрсетеді. Бұл тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағынан кетуімен, көлік құралының ұлттық юрисдикциядан тысқары шығарылуымен және әкімшілік айыппұлдарды трансшекаралық өндіріп алу тетіктерінің әрдайым жеткілікті жедел әрі тікелей бола бермеуімен түсіндіріледі. Демек, қарастырылып отырған істер санатында цифрлық есепке алу тек оқиғаны тіркеуді және материалдардың процестік қозғалысын ғана емес, қаулының орындалу мүмкіндігін бақылаудың арнайы құралдарын да қамтуға тиіс.

Осы тұрғыда ұлттық заңнамаға шартты түрде «жүргізушілік дефолт» деп аталатын жаңа санатты енгізуді ұсынатын ғалымдардың пікірі назар аударуға тұрарлық. «Дефолт» термині банкроттықты, төлем қабілетсіздікті, күйреуді, міндеттемені орындау мүмкін еместігін және т.б. білдіреді [24].

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, шетелдік құқық бұзушыларға қатысты істерде цифрлық есепке алудың әлсіз буыны тек бастапқы тіркеу ғана емес, сонымен бірге «сәйкестендіру – хабарлау – дәлелдемелік тексеру – орындау» деген бүкіл цикл екені байқалады деп есептейміз. Дәл осы себепті цифрлық есепке алу проблемаларын зерттеу камералар, радарлар және өзге де техникалық құралдарды пайдалану мәселелерімен шектелмеуге тиіс. Ғылыми талдаудың негізгі нысаны әкімшілік істі цифрлық сүйемелдеудің құқықтық архитектурасы болуы керек.

Осыны ескере отырып, шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың үш жүйелі осалдығын бөліп көрсетуге болады: сәйкестендіру осалдығы, процестік осалдық және дәлелдемелік-орындаушылық осалдық.

Сәйкестендіру осалдығы тіркелген оқиға мен жауаптылық субъектісі арасындағы тұрақты құқықтық байланыстың болмауынан көрінеді.

Процестік осалдық формалды хабарлау қаупімен, қорғану құқығының толық көлемде іске асырылмауымен және есепке алу нәтижелерінің кейіннен даулану мүмкіндігімен байланысты.

Дәлелдемелік-орындаушылық осалдық цифрлық материалдардың жеткілікті деңгейде тексерілмеуінен және қаулыны нақты орындаудың күрделілігінен көрінеді.

Дәл осы осалдықтардың жиынтығы шетелдік элементпен күрделенген істердің ерекше құқықтық режимін қалыптастырады және оларды арнайы нормативтік әрі ұйымдастырушылық тұрғыдан пайымдауды талап етеді.

Біздің ойымызша, шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты цифрлық есепке алу деректерді верификациялаудың қосымша сатыларын, субъект пен көлік құралы арасындағы байланысты растауға қойылатын неғұрлым қатаң талаптарды, көпарналы хабарлау рәсімдерін, цифрлық материалдармен жасалатын әрекеттерді күшейтілген журналдауды және дербес деректерге ведомствоаралық қолжетімділікті неғұрлым нақты реттеуді қамтуға тиіс.

Шетелдік құқық бұзушыларды цифрлық есепке алу проблематикасы тек арнайы қолданбалы маңызға ғана емес, сонымен бірге неғұрлым кең теориялық құндылыққа да ие. Бұл ұғымдық аппараттың бытыраңқылығынан, деректердің құқықтық режимінің фрагментарлығынан, хабарламаларды цифрлық нысанға толық процестік бейімдеудің болмауынан және цифрлық материалдардың дәлелдемелік табиғатының жеткіліксіз бағалануынан көрініс табады.

Магистрлік жобаның баяндау шектерін ескере отырып, зерттеу авторы әрбір проблемалық аспектіні толық ашуды мақсат етпейді. Осы жоба аясында қозғалған мәселелер алдағы зерттеулердің дербес пәні бола алады.

Зерттеу авторының пікірінше, қарастырылып отырған саладағы цифрлық есепке алу жай ғана техникалық күшейтуді емес, жүйелі нормативтік дамуды және ғылыми тұжырымдамалауды қажет етеді. Себебі шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу проблематикасы кешенді сипатқа ие және бір мезгілде әкімшілік-құқықтық, ақпараттық-құқықтық, процестік және ұйымдастырушылық салаларды қамтиды.

Негізгі күрделілік оқиғаны автоматты түрде тіркеудің әкімшілік жауаптылық субъектісін сенімді түрде анықтауды қамтамасыз етпеуінде жатыр. Сол себепті сәйкестендіру цифрлық есепке алудың орталық құқықтық мәселесіне айналады.

Бұдан бөлек, бейрезидентті тиісінше хабардар ету жіберілген хабарламаның формалды фактісі бойынша емес, тұлғаның материалдармен танысу және қорғану құқығын нақты іске асыру мүмкіндігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Өз кезегінде шетелдік элементі бар істерде цифрлық есепке алудың дәлелдемелік тұрақтылығы цифрлық материалдардың шығу тегі, өңделуі және пайдаланылуының толық қадағалануына, соның ішінде аудиторлық іздің сақталуына тәуелді.

Қарастырылып отырған саладағы цифрлық есепке алу жүйесі деректерді верификациялаудың қосымша сатылары, ведомствоаралық интеграция және

бейрезиденттердің дербес деректерін өңдеуді арнайы реттеу арқылы қол жеткізілетін жоғары құқықтық сенімділікті қажет етеді.

Осылайша, зерттелген проблемалық аспектілерді ескере отырып, назарға алынуы мүмкін практикалық ұсынымдар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- шетелдік элемент цифрлық есепке алудың мазмұнын сапалық тұрғыдан өзгертеді және оны ішкі әкімшілік өндірістің стандартты моделінің шегінен шығарады;

- осы санаттағы істерде негізгі қиындық құқық бұзушылық оқиғасын техникалық тіркеуде емес, тіркелген көлік құралы, нақты тұлға және әкімшілік жауаптылық негізі арасындағы құқықтық байланысты дәлелденетін түрде белгілеуде жатыр, бұл ретте деректердің шығу тегінің, тұтастығының, өңдеу бірізділігінің және процестік маңызы бар әрбір әрекетті сыртқы бақылау мүмкіндігінің толық тексерілуі қамтамасыз етілуге тиіс;

- мемлекеттік органдар арасындағы ақпараттық байланыстардың фрагментарлығы тұтас цифрлық істің қалыптасуына кедергі келтіреді және бейрезиденттерге қатысты қабылданатын шешімдердің құқықтық тұрақтылығын төмендетеді;

- шетел азаматына хабарламаны формалды түрде жіберу процестік коммуникацияның және қорғану құқығын қамтамасыз етудің жеткілікті стандарты ретінде танылмауға тиіс;

- дербес деректер туралы заңнаманы сақтау қажеттілігі бейрезиденттер туралы мәліметтерді әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша пайдалану мақсаттарын, көлемін, сақтау мерзімдерін және ведомствоаралық қолдану тәртібін нақты нормативтік айқындауды талап етеді;

- цифрлық есепке алу істі тіркеу мен қарауды ғана емес, әкімшілік шешімнің орындалу мүмкіндігін бақылауды да қамтуға тиіс.

2 Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары қатысқан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық есепке алу саласында әкімшілік органдар қызметін ұйымдастыру

2.1 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық модельдері

Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заңында құқық бұзушылықтардың алдын алу субъектілерінің өзара іс-қимылына айрықша мән берілген. Мұндай

субъектілер қатарына құқық бұзушылықтардың профилактикасын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар және Қазақстан Республикасының азаматтары жатады [25].

Осы бағытта аталған субъектілердің өзара ықпалдасу үлгісі мен форматы, соның ішінде ақпараттық және өзге де қамтамасыз ету мәселелері ерекше маңызға ие.

Жалпы алғанда, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық модельдері деп әкімшілік жауаптылықты іске асыру және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы заңдық маңызы бар ақпаратты тіркеу, есепке алу, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану процестерін құрудың, жүргізудің және үйлестірудің институционалдық тұрғыдан ресімделген тәсілдерін түсінген жөн.

Жария басқарудың цифрлық нысандарына көшу құқық бұзушылықтарды есепке алудың тек техникалық қырын ғана емес, оның ұйымдастырушылық құрылымын да қайта пайымдауды талап етті. Себебі дәл осы ұйымдастырушылық модель цифрлық істі қалыптастыруға қандай субъектілердің қатысатынын, олардың өкілеттіктері қалай бөлінетінін, ақпарат алмасу қандай тәртіппен жүзеге асырылатынын және әкімшілік шешімдердің заңдылығы, қадағалану мүмкіндігі мен орындалуы қандай деңгейде қамтамасыз етілетінін айқындайды.

Дәстүрлі есепке алудан айырмашылығы, бұрын негізгі рөл жергілікті деңгейдегі материалдарды тіркеуге және кейіннен әкімшілік іс жүргізуді қағаз түрінде сүйемелдеуге берілсе, цифрлық есепке алу өзге қисынға негізделеді. Ол ақпараттық жүйелердің, құқық бұзушылықтарды тіркейтін техникалық құралдардың, лауазымды адамдардың, деректер операторларының және сыртқы коммуникация субъектілерінің тұрақты өзара іс-қимылын талап етеді.

Осыған байланысты цифрлық есепке алуды оның өмір сүруінің ұйымдастырушылық нысанынан тыс түсіндіру мүмкін емес. Дәл осы нысан Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларын, «Жол жүрісі туралы» Заңның ережелерін, «Ақпараттандыру туралы» Заң талаптарын және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңнан туындайтын шектеулерді біртұтас жұмыс тетігіне біріктіреді.

Теориялық тұрғыдан цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық моделін функциялардың, сатылардың және ақпарат ағындарының институционалдық бөлінісін айқындайтын, сонымен бірге оны практикада жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тәртіп ретінде сипаттауға болады. Мұндай тәртіп құқық бұзушылықтарды анықтауға, дәлелдемелердің цифрлық жиынтығын қалыптастыруға, істі процессуалдық сүйемелдеуге, мүдделі тұлғаларды хабардар етуге және әкімшілік шешімнің орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Осындай түсінік цифрлық есепке алуды жекелеген техникалық шешімдердің жиынтығы ретінде емес, құқықтық нысанда жұмыс істейтін басқарушылық жүйе ретінде қарастыруға жол ашады.

Цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық сипаты ерекше маңызға ие, өйткені бұл саладағы құқықтық реттеу тек бір мемлекеттік органның өкілеттіктерін бекітумен шектелмейді. Керісінше, қолданыстағы нормативтік база құзыреттердің бөлінуіне негізделген:

– жол жүрісі туралы заңнама жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындайды;

– әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама құқық бұзушылықтың юрисдикциялық салдарын және ол туралы мәліметтерді пайдалану тәртібін белгілейді;

– ақпараттандыру саласындағы заңнама ақпараттық жүйелердің, электрондық ресурстардың және цифрлық өзара іс-қимылдың құқықтық режимін реттейді;

– дербес деректер туралы заңнама жеке тұлғаларға қатысты ақпаратпен жұмыс істеудің көлемі мен тәсілдерін шектейді.

Сондықтан цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық моделі әрдайым салааралық әрі көпсубъектілі сипатта болады.

Ғылыми тұрғыдан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың үш негізгі ұйымдастырушылық моделін бөліп көрсетуге болады: орталықтандырылған модель, бақылау сатылары моделі және интеграциялық жүйеаралық модель. Олардың әрқайсысы цифрлық есепке алуды ұйымдастырудың белгілі бір тәсілін білдіреді, өзіндік артықшылықтары мен шектеулеріне ие және олардың ешқайсысы жеке-дара түрде жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы істерді қазіргі заманғы әкімшілік сүйемелдеуге байланысты барлық міндеттерді толық шеше алмайды.

А.В. Палагинаның пікірінше, орталықтандырылған модель жағдайында барлық активтер мен рәсімдерді басқару бірыңғай орталықта шоғырланады. Мысалы, бұл функция белгілі бір уәкілетті бөлімшеге жүктелуі мүмкін. Барлық операциялар уәкілетті қызметкерлерге қолжетімді бірегей ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Мұндай модель қатаң стандарттарымен және құжат айналымы мен есептілікті жүргізудің нақты реттелген тәртібімен сипатталады [26, 545-б.].

Орталықтандырылған модельдің мәні – цифрлық есепке алудың бірыңғай есептік контур аясында құрылуында. Бұл контурда құқық бұзушылыққа қатысты негізгі мәліметтер жинақталып, жүйеленіп, бір орталықтандырылған ақпараттық орта шегінде немесе бір уәкілетті субъектінің басым рөлімен сүйемелденеді. Ұйымдастырушылық тұрғыдан мұндай модель деректерді тігінен басқаруға бағытталған. Мұнда есептік рәсімдердің бірізділігіне, істің мәртебелерін стандарттауға, мәліметтердің толықтығын орталықтандырылған бақылауға және материалдардың қозғалысын басынан аяғына дейін мониторингтеуге басымдық беріледі.

Бұл модельдің күшті жағы ретінде деректер есебін жүргізудің айқындығы мен басқарылуын атауға болады. Бірыңғай цифрлық контур болған жағдайда мемлекеттік орган құқық бұзушылық тіркелген сәттен бастап қаулының

орындалу кезеңіне дейін материалдардың қозғалысын толық бақылауға мүмкіндік алады. Бұл әсіресе жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтардың жаппай сипат алуы жағдайында маңызды, өйткені мұндай кезде құқық қолдану тәжірибесі рәсімдерді біріздендіруді және әртүрлі түсіндірулерді барынша азайтуды қажет етеді.

Сонымен қатар аталған модельдің елеулі шектеулері де бар. Біріншіден, шамадан тыс орталықтандыру көлік құралын дұрыс сәйкестендірмеуге немесе бастапқы кезеңде кеткен қатенің бүкіл әкімшілік циклге таралуына әкелуі мүмкін. Екіншіден, дербес дерекқор мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда ақпараттық және әкімшілік олқылықтар жойылмайды. Үшіншіден, артық орталықтандыру кей кездері құқық қолдануды шамадан тыс формаландырып, сырт көзге рәсімдердің дұрыстығы сақталғанымен, нақты істің жекелеген ерекшеліктері ескерусіз қалуы ықтимал.

Н.А. Жегалованың пайымдауынша, жедел есепке алу – ұйым қызметінің оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында жекелеген операцияларды ағымдағы бақылау мен қадағалауға арналған жүйе [27, 147-б.].

Бақылау сатылары моделіне келсек, оның ұйымдастырушылық ерекшелігі цифрлық есепке алудың бірыңғай деректер орталығының төңірегінде емес, міндетті тексеру кезеңдерінің тізбегі төңірегінде құрылуында. Мұнда материал белгілі бір құқықтық мәртебеге тек мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы расталғаннан кейін ғана ие болады. Бұл модель сатылы верификация қағидатына негізделеді және цифрлық есепке алудың әкімшілік-процестік табиғатына барынша сай келеді, өйткені ақпараттың қозғалысы міндетті түрде құқықтық тексерумен қатар жүруге тиіс.

Бақылау сатылары моделінде, әдетте, мынадай кезеңдерді ажыратуға болады: оқиғаны бастапқы тіркеу; деректерді тану және алдын ала тіркеу; көлік құралын және жауаптылық субъектісін сәйкестендіру; цифрлық материалдардың дәлелдемелік жарамдылығын тексеру; хабарламаны қалыптастыру және жолдау; процестік шешім қабылдау; қаулының орындалуын бақылау.

Осы кезеңдердің әрқайсысы жеке ұйымдастырушылық жауаптылықты, аяқталу өлшемдерін және кейіннен аудит жүргізу мүмкіндігін талап етеді. Демек, бұл модельде цифрлық есепке алу материалдың бір құқықтық мәртебеден екіншісіне өтетін заңдық мәні бар бірізді ауысулар жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Бұл модельдің басты артықшылығы – қате шешімдер қабылдау қаупін едәуір азайтуында. Міндетті верификациялық шектер өңделмеген цифрлық сигналдың автоматты түрде түпкілікті әкімшілік шешімге айналуына жол бермейді. Бұл әсіресе күрделілігі жоғары істерде, оның ішінде шетелдік элемент бар жағдайларда маңызды, өйткені сәйкестендіруде немесе коммуникацияда жіберілген кез келген қате бүкіл өндірістің заңдылығына күмән келтіруі мүмкін.

Алайда бұл модельдің кемшіліктері де жоқ емес. Ең алдымен, ол әкімшілік жүйеге түсетін ұйымдастырушылық және кадрлық жүктемені ұлғайтады. Оның тиімділігі кезеңдердің санымен ғана емес, әр кезеңдегі тексерудің мазмұндылығы мен сапасына да тәуелді.

М.И. Сидорованың белгілі бір мәселені шешудің жалғыз ғана тәсілі әрқашан бола бермейтінін, сондықтан көпстандартты есепке алуды құру кезінде сараланған тәсіл қолданылуы тиіс деген пікірін қолдауға болады [28, 23-б.].

Осы тұрғыдан интеграциялық жүйеаралық модель ерекше назар аудартады. Оның негізгі белгісі – цифрлық есепке алудың жалғыз орталықтың есебінен немесе тек бірізді ішкі тексерулер арқылы ғана емес, бірнеше ақпараттық жүйелер, ведомстволар мен цифрлық платформалар арасында мәліметтердің тұрақты алмасуы арқылы қамтамасыз етілуі.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан бұл ең күрделі модель болып табылады, себебі ол әртүрлі деректер массивтерін, қол жеткізу режимдерін, құзырет деңгейлерін және ақпаратты өңдеудің түрлі құқықтық негіздерін өзара үйлестіруді талап етеді.

Интеграциялық модель цифрлық мемлекеттің қазіргі даму кезеңі үшін ерекше маңызды, өйткені жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы заңдық маңызы бар мәліметтер көбіне бір ғана дерекқорда емес, бірнеше ақпараттық жүйелерде шашыраңқы орналасады. Көлік құралы, оның иесі, шекарадан өтуі, уақытша әкелінуі, тұлғаның мәртебесі, айыппұлдың болуы, орындау әрекеттері және басқа да мән-жайлар әртүрлі ведомстволар мен ақпараттық ресурстарға тиесілі болуы мүмкін. Сондықтан жүйеаралық интеграциясыз цифрлық есепке алу сөзсіз тиімділіктің төмен болуына алып келеді.

Интеграциялық модельдің күшті жағы – істі ақпараттық тұрғыдан неғұрлым толық сүйемелдеуге мүмкіндік беруінде. Дәл осы модель барлық дерекқорларды бір массивке физикалық біріктірмей-ақ, бірыңғай цифрлық досье қалыптастыруға алғышарт жасайды. Ол сұрау салу арқылы мәліметтер алуға, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты салыстыруға, субъектінің мәртебесін нақтылауға және әкімшілік материалдың бірнеше ведомстволық контур арасындағы қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Шетелдік элементі бар істер үшін бұл модель ерекше құнды, өйткені теориялық тұрғыдан ол жол жүрісін тіркеу жүйесін, көші-қон мәліметтерін, шекаралық бақылауды және кейіннен қаулыны орындау рәсімдерін бір арнаға тоғыстыра алады.

Сонымен бірге интеграциялық модель құқықтық шектеулерге анағұрлым сезімтал болып келеді. Себебі ол дербес деректер туралы заңнаманы ескере отырып, ведомствоаралық алмасуға жататын мәліметтердің құрамын нақты нормативтік тұрғыдан айқындауды және ақпаратқа қол жеткізуді негізсіз кеңейтуге жол бермеуді талап етеді.

Бұдан бөлек, деректерді сипаттаудың бірыңғай стандарттары мен унификацияланған цифрлық сәйкестендіргіштер болмаған жағдайда, жүйеаралық өзара іс-қимыл мәліметтерді сәйкестендірудегі қателіктерге де, толықтықтың жалған әсеріне де алып келуі мүмкін, ал шын мәнінде мұндай мәліметтер құқықтық тұрғыдан жеткілікті тексеруден өтпеген болуы ықтимал.

Жоғарыда аталған модельдерді салыстырмалы талдау олардың әрқайсысы белгілі бір ұйымдастырушылық басымдықты бейнелейтінін көрсетеді. Орталықтандырылған модель бірізділік пен басқарылуға мән береді; бақылау

сатылары моделі – құқықтық сенімділік пен тексерілуге; интеграциялық модель – мәліметтердің толықтығы мен байланыстылығына басымдық береді. Алайда жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың қазіргі қажеттіліктері осы басымдықтардың біреуіне ғана сүйену арқылы толық қамтамасыз етілмейді. Қазіргі әкімшілік практика бір мезгілде тұтас есепке алуды, шешімдердің тексерілу мүмкіндігін және бөлінген деректерге қолжетімділікті талап етеді.

Сондықтан цифрлық есепке алудың гибридті ұйымдастырушылық моделін қалыптастыру қажеттігі туралы қорытынды практикалық тұрғыдан негізді болып табылады. Мұндай модель тіркеу мен мониторингтің негізі ретінде орталықтандырылған есептік контурды, құқықтық верификация тетігі ретінде міндетті бақылау сатыларын және мәліметтердің толықтығын қамтамасыз ету шарты ретінде жүйеаралық интеграцияны ұштастыруы тиіс.

Бұл бағытта цифрлық есепке алудың нормативтік және техникалық жағынан нақты рәсімделген моделі болмайынша, оның өзара байланысы әлсіз жекелеген рәсімдердің жиынтығы күйінде қалып қою қаупі бар екенін ескеру қажет. Мұндай жағдай мемлекеттік қызметті ұйымдастырушылық жобалау мәселесін күрделендіреді.

Ұйымдастырушылық модельдерді талдаудың практикалық құндылығы – ол ең күрделі санаттағы істер бойынша цифрлық есепке алуды одан әрі жетілдірудің құрылымдық алғышарттарын негіздеуге мүмкіндік беруінде.

Цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық моделінің құқықтық құндылығы – ол шашыраңқы цифрлық сигналдарды құқық бұзушылықты тіркеуден бастап қаулының орындалуын бақылауға дейінгі біртұтас әкімшілік-құқықтық циклге айналдыруында.

Шетелдік элементі бар істер үшін гибридті модельдің маңызы одан да жоғары, өйткені тек орталықтандыруды, сатылы тексеруді және деректер интеграциясын үйлестіру арқылы ғана цифрлық есепке алудың заңдылығы мен дәлелдемелік тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады.

Осылайша, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық модельдерін цифрлық ортадағы әкімшілік ықпал ету жүйесінің құқықтық архитектурасының негізгі элементі ретінде қарастырған жөн. Оларды зерттеу құқық, технология және мемлекеттік басқарудың қалайша біртұтас механизмге бірігетінін анықтауға мүмкіндік береді. Әкімшілік-құқықтық ғылым тұрғысынан неғұрлым перспективалы нұсқа ретінде орталықтандырылған есепке алуды, сатылы верификацияны және жүйеаралық интеграцияны біріктіретін гибридті ұйымдастырушылық модельді атауға болады. Дәл осындай модель қазіргі Қазақстан Республикасының даму жағдайында цифрлық есепке алудың заңдылығын, дәлелдемелік тұрақтылығын, басқарылуын және бейімделгіштігін бір мезгілде қамтамасыз етуге қабілетті.

Практикалық ұсынымдар ретінде мыналарды назарға алу ұсынылады:

- цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық моделі деректермен жұмыстың техникалық құрылымын ғана емес, жол жүрісі қағидаларын бұзу

туралы істер бойынша әкімшілік өндірістің құқықтық тұрақтылығын да айқындайды;

- Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары қатысқан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды дамытудың оңтайлы бағыты ретінде орталықтандырылған есептік контурды, міндетті бақылау сатыларын және заңды жүйеаралық интеграцияны үйлестіретін гибридті модель қарастырылуы тиіс;

- гибридті ұйымдастырушылық модель аясындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында зерттеу авторы «Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары қатысқан жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу жөніндегі анықтамалықты» әзірлеп, сынақтан өткізген. Бұл анықтамалықта шетел азаматтары мен шетелдік тіркеудегі көлік құралдарына қатысты жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық тіркеу, сәйкестендіру, хабарлау, төлеу және орындау процестері жүйеленген.

Анықтамалықтың негізгі идеясы – шетелдік контурдағы цифрлық тіркеу тек техникалық фиксациямен шектелмеуге тиіс. Автоматты режим толық нәтиже беруі үшін ішкі істер органдарының процессингтік орталығы, уақытша сәйкестендіру бейіні, көпарналы хабарлау тетігі және мәжбүрлеп орындауға дейінгі нақты ведомствоаралық маршрут өзара тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет.

Анықтамалықтың құқықтық өзегін жол жүрісін, әкімшілік жауаптылықты, цифрлық өзара іс-қимылды және дербес деректерді қорғауды реттейтін нормалар құрайды. Нормативтік деңгейде бұл блокқа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің, «Жол жүрісі туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңдардың ережелері, қолданыстағы жол жүрісі қағидалары және ақпараттық қауіпсіздік талаптары кіреді.

Автоматты режимде тіркелген құқық бұзушылықтарды өңдеу барысында нормативтік реттеу құқық бұзушылық құрамын айқындап қана қоймай, нұсқама кімге және қандай тәртіппен жолданатынын, көлік құралы иесі анықталмаған жағдайда қандай мәртебе қолданылатынын, іс материалдарына қашықтан қол жеткізудің шектерін және мәжбүрлеп орындауға көшу логикасын да белгілейді.

Практикада айыппұлдарды қарау мен төлеуге арналған түрлі сервистер болғанымен, құқықтық өзек ретінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер мен электрондық іс жүргізу шоғырланатын бірыңғай тізілімдік контур қарастырылады. Қолданыстағы құқық қолдану қызметінде бұл жүйе Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі ретінде ресми бекітілген. Дәл осы контурда процессингтік орталық, жария сектор, электрондық іс материалдары, анықталмаған санат және автоматты режимде тіркелген құқық бұзушылықтарды өңдеу тетіктері өзара тоғысады.

Шетелдік контурда негізгі түйінді мәселе құқық бұзушылықтың өзін тіркеу емес, құқық бұзушыны немесе көлік құралының иесін тұрақты цифрлық сәйкестендіру болып табылады. Егер тұлғада ЖСН/БСН болса, тіркеу, хабарлау,

төлеу және орындалуды есепке алу рәсімдері едәуір жеңілдейді. Ал сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда құқық бұзушылық есептен жоғалып кетпейді, бірақ процестің кейінгі кезеңдері – нұсқаманы адресатқа жеткізу, төлемді нақты тұлғамен байланыстыру, бұрын жасалған құқық бұзушылықтармен салыстыру және мәжбүрлеп орындау – едәуір күрделене түседі. Сондықтан шетелдік контурда уақытша сәйкестендіру бейіні, меншік иесі, пайдаланушы және жүргізуші арасындағы айырмашылықты бөліп көрсету, сондай-ақ көші-қон және шекаралық деректермен түйістіру механизмі айрықша рөл атқарады.

Автоматты фиксация жағдайында камера көбіне нақты жүргізушіні емес, көлік құралын ғана тіркейді. Ал шетелдік нөмір, жалға алу, сенімхат немесе корпоративтік пайдалану жағдайларында меншік иесі, пайдаланушы және нақты жүргізуші бір тұлға болмауы мүмкін. Сол себепті Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі контурында автокөлік иесіне, пайдаланушыға және жүргізушіге қатысты деректерді бөлек өрістерде жүргізу құқық қолдану сапасын арттыратын міндетті элемент болып табылады, өйткені бұл істі әртүрлі сценарий бойынша шешуге мүмкіндік береді.

Тіркеудің қолданбалы логикасы екі деңгейлі тәсілге сүйенуге тиіс. Бірінші деңгей – ЖСН/БСН бар тұлғаға қатысты негізгі цифрлық маршрут, мұнда іс бірден нақты субъектімен байланыстырылып, әкімшілік цикл қалыпты тәртіппен жалғасады. Екінші деңгей – ЖСН/БСН-і жоқ тұлғаға арналған арнайы маршрут, бұл жағдайда уақытша сәйкестендіру бейіні паспорт деректері, азаматтығы, туған күні, байланыс арналары, көлік нөмірі, ел коды, VIN және елге кіру/болу деректері негізінде қалыптастырылады.

Мұндай тәсілді құқық бұзушылықты есепке алмау емес, оны тиімді орындауға алып баратын аралық цифрлық көпір ретінде қарастырған жөн. Қажет болған жағдайда уақытша бейін кейіннен сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру сервисімен, көші-қон деректерімен және іс жүргізудің өзге де цифрлық контурларымен байланыстырылуы мүмкін.

Жоғарыда аталған анықтамалық практикалық қолдануға арналған және әкімшілік полиция, прокуратура, көші-қон және шекара қызметтері, цифрлық сервистер операторлары мен өзге де уәкілетті органдар үшін өзара келісілген жұмыс моделін ұсынады.

2.2 Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды жетілдіру

Қазақстан Республикасында жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу жүйесінің қазіргі дамуы оның негізінен тіркеуші сипаттағы моделінен әкімшілік істі құқықтық тұрғыдан орнықты цифрлық сүйемелдеуге негізделген модельге көшу қажеттігін айқын көрсетеді. Цифрландырудың бастапқы кезеңдерінде басты назар, негізінен, автоматты тіркеудің техникалық құралдарына, мемлекеттік тіркеу нөмірлерін тануға және материалдарды өңдеу

жылдамдығын арттыруға аударылса, қазіргі кезеңде ғылыми және практикалық маңыз бүкіл жүйенің құқықтық тұрғыдан сапалы жұмыс істеуіне ойысты. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық есепке алудың шартты түрде үшінші буыны деп аталатын кезеңді дамыту ерекше мәнге ие. Осы зерттеу аясында үшінші буын деп жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы істер бойынша әкімшілік өндірісте пайдаланылатын цифрлық материалдарды тексеру, растау және олардың дәлелдемелік жарамдылығын қамтамасыз ету сатысы түсініледі.

Үшінші буынды теориялық және қолданбалы тұрғыдан дербес бөліп қарастыру қажеттігі цифрлық есепке алу құқық бұзушылық фактісін тіркеумен және кейіннен субъектіні хабардар етумен ғана шектелмеуге тиіс екендігімен түсіндіріледі. Бұл екі сатының арасында цифрлық материалға толыққанды құқықтық тұрақтылық беретін өз алдына дербес әрі принципті маңызы бар әрекеттер кешені орналасады. Басқаша айтқанда, автоматты тіркеу фактісі мен оның нәтижесін процестік мақсатта пайдалану арасында цифрлық ақпараттың заңдылық, шынайылық, қатыстылық, жол берімділік және тексерілу талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін арнайы тексеру сатысы болуы қажет. Дәл осы кезең цифрлық әкімшілік өндірістің сапасын барынша айқындайды.

Е.В. Евсикованың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді цифрландыру қазіргі уақытта әкімшілік-деликтік заңнаманы реформалау және жаңғырту жағдайында жүзеге асырылып жатқанын атап көрсеткен пікірімен келісуге болады [29, 131-б.].

Біздің пайымдауымызша, әкімшілік-құқықтық ғылым тұрғысынан үшінші буынды цифрлық есепке алудың тіркеу блогы мен процестік-коммуникациялық блогының арасындағы міндетті аралық буын ретінде қарастыру қажет. Оның болмауы немесе тек формалды сипатта жүзеге асырылуы цифрлық жүйенің сырттай жұмыс істеп тұрғандай көрінгенімен, шын мәнінде құқықтық жағынан әлсіз нәтижелер қалыптастыруына алып келеді. Бұл әсіресе құқық бұзушылық автоматты түрде тіркеліп, ал материалдардың әрі қарайғы қозғалысы жеделдетілген немесе жартылай автоматтандырылған режимде жүзеге асқан жағдайларда айқын байқалады. Егер тексерудің толыққанды контуры болмаса, тұлғаны қате сәйкестендіру, цифрлық файл мен нақты оқиға арасындағы байланыстың үзілуі, метадеректердің бұрмалануы, дәлелдемелік материал көлемінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ тұлғаға кейіннен процестік қорғану мүмкіндігін бермейтін формалды хабарлама жіберілуі сияқты тәуекелдер туындайды.

Осылайша, үшінші буын қосалқы техникалық кезең емес, цифрлық сигналды процестік маңызы бар дәлелдеме мәртебесіне ауыстыратын дербес құқықтық-ұйымдастырушылық тетік болып табылады. Оның құқықтық функциясы машиналық тіркеу мен мемлекеттік мәжбүрлеу арасында белгіленген өлшемдерге, рәсімдерге және жауаптылық шектеріне сүйенетін адами әрі жүйелік верификация кезеңінің болуын қамтамасыз етуінен көрінеді.

Үшінші буын тұжырымдамасының ғылыми маңызы – әкімшілік өндірісті цифрландыруды «тіркеу – қаулы – орындау» тәрізді қарапайым сызықтық тізбек

ретінде түсіндіруден арылуға мүмкіндік беруінде. Іс жүзінде бұл элементтердің арасында анағұрлым күрделі құқықтық цикл болуы тиіс. Ол құқық бұзушылық оқиғасын тіркеу мен бастапқы деректер массивін қалыптастыруды, материалды жауаптылық субъектісімен байланыстыруды және ақпараттың әкімшілік рәсім шеңберінде қозғалуын, сондай-ақ әкімшілік шешім қабылдау кезінде бүкіл жүйенің тұрақтандырушы тетігі ретінде әрекет етуді қамтиды. Демек, үшінші буынды дамыту цифрлық есепке алудың құрылымын жай ғана техникалық тұрғыдан күрделендіруді емес, оны институционалдық тұрғыдан нығайтуды білдіреді.

Бұған дейін атап өтілгендей, үшінші буын бірнеше міндетті құрамдас бөліктерді қамтиды, атап айтқанда мыналарды тексеруді көздейді:

– цифрлық материалдың шығу тегін, яғни кез келген деректің нақты тіркеу көзімен қадағалана алатын байланысын сақтауын;

– цифрлық ақпараттың тұтастығын, яғни дәлелдемелердің өзгертілуіне, алмастырылуына, толық болмауына немесе бұрмалануына күмән тудырмайтын жағдайды, бұл ретте ақпараттық қауіпсіздік, әрекеттерді журналдау және деректерге қолжетімділікті шектеу қамтамасыз етілуге тиіс;

– цифрлық материалдың қатыстылығы мен жеткіліктілігін;

– цифрлық материал мен жауаптылық субъектісі арасындағы байланысты.

Ұлттық тіркеудегі көлік құралына қатысты мұндай байланыс, әдетте, ішкі мемлекеттік тіркелімдер арқылы қамтамасыз етіледі. Ал шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары қатысатын істерде бұл мәселе бірінші кезектегі маңызға ие болады. Сондықтан үшінші буынды дамыту құқық бұзушылық оқиғасы, көлік құралы, ықтимал меншік иесі, пайдаланушысы, көлік құралын әкелген тұлға және құқықтық қатынастың өзге де заңдық маңызы бар қатысушылары туралы мәліметтерді салыстырудың арнайы рәсімдерін қамтуға тиіс. Онсыз цифрлық есепке алу құқықтық айқындық деңгейі жеткіліксіз файлдарды механикалық түрде жинақтау жүйесіне айналып кету қаупіне ұшырайды.

Цифрлық есепке алудың құқықтық тұрақтылығы тексеру мәртебелерін нормативтік тұрғыдан бекітусіз де мүмкін емес. Бұл әрбір цифрлық материалдың тек мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге оның қандай верификациялық сатылардан өткенін, оның шығу тегі мен тұтастығын қай субъект растағанын, ақаулық белгілері анықталған-анықталмағанын, материалдың қосымша тексеруге жіберілген-жіберілмегенін және қандай негізде оның одан әрі процестік пайдалануға жеткілікті не жеткіліксіз деп танылғанын көрсететін белгімен сүйемелденуге тиіс дегенді білдіреді. Дәл осындай сатылы формализация үшінші буынға заңдық маңыз береді.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан үшінші буынды дамыту автоматты сенім моделінен тексерілетін цифрлық сенім моделіне көшуді білдіреді. Бірінші жағдайда мемлекеттік жүйе техникалық құралдың дәлдігіне сөзсіз презумпциямен қарайды да, тіркеу нәтижесін іс жүзінде дереу процестік шешімге айналдырады. Екінші жағдайда автоматты тіркеу тек бастапқы

ақпараттық сигнал ретінде ғана қабылданып, ол міндетті түрде бағалау мен растау рәсімдерінен өтуге тиіс. Ғылыми және практикалық тұрғыдан дәл екінші тәсіл негізді болып табылады, өйткені ол заңдылық, тепе-теңдік және мемлекеттік мәжбүрлеудің тексерілуі қағидаттарына сай келеді.

Үшінші буынды дамыту цифрлық есептік деректердің ең төменгі стандартын нормативтік тұрғыдан бекітуді де талап етеді. Мұндай стандартта тіркеу уақыты мен орны, техникалық құралдың сәйкестендіргіші, файл параметрлері, бастапқы және кейінгі тексеру туралы белгі, верификация жүргізген тұлға немесе бөлімше туралы мәліметтер, көлік құралымен және жауаптылық субъектісімен байланысты тексеру нәтижесі, сондай-ақ материалдың одан әрі процестік қозғалысқа дайындығының мәртебесі көрсетілуге тиіс.

Нормативтік тұрғыдан бекітілген мұндай стандарттың болмауы әртүрлі материалдардың мазмұны мен сапасы бойынша айырмашылыққа ұшырауына, ал бұл өз кезегінде құқық қолдану біркелкілігінің бұзылуына алып келеді.

Қалыптасқан жағдайды шешу мақсатында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы» ақпараттық-есептік құжат нысанына (Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына 1-қосымша) [18] өзгерістер енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, оны 1.2-тармақпен толықтырып, онда верификация жүргізген тұлға не бөлімше және материалдың одан әрі процестік қозғалысқа дайындығы туралы мәртебені хабарлаған субъект жөніндегі мәліметтерді көздеу қажет (салыстырмалы кесте, 1-қосымша).

Үшінші буынның айрықша рөлі хабарлама мен процестік шешім қалыптастыру барысында айқын көрінеді. Цифрлық материал тек верификация кезеңі аяқталғаннан кейін ғана тұлғаны хабардар етуге және әкімшілік акт шығару үшін негіз болатын мәртебеге ие болуы тиіс. Керісінше жағдайда хабарлама тексерілмеген немесе толық емес деректерге негізделеді, бұл кейіннен өндірістің ақаулы деп танылу қаупін туғызады. Демек, үшінші буын тек дәлелдемелік емес, сонымен бірге процестік-сүзгілеуші функцияны да атқарады: ол материалдың субъектімен ресми коммуникация сатысына мерзімінен бұрын өтіп кетуіне жол бермейді.

Осы тұрғыда А.И. Быковтың мына пікірі назар аударуға тұрарлық: «Бүгінгі күні толық көлемде шешілмеген проблемалық мәселелердің бірі – шетел азаматын оның тұрақты тұратын жері бойынша, яғни шетел мемлекетінің аумағында хабардар ету қажеттілігі. Халықаралық пошта байланысы, яғни әртүрлі мемлекеттердің юрисдикциясында орналасқан пошта байланысы ұйымдары арасындағы пошта жөнелтілімдерімен алмасу (1999 жылғы 17 шілдедегі № 176-ФЗ “Пошта байланысы туралы” Федералдық заң) әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыны қамтитын пошта жөнелтілімінің шетел азаматына дейін жеткізілуіне кепілдік бермейді.

Ресей Федерациясы Жоғарғы Сотының Пленумы (2005 жылғы 24 наурыздағы № 5 “Соттарда Ресей Федерациясының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қолдану кезінде туындайтын кейбір мәселелер

туралы” қаулысының 29.1-тармағы) Ресей Федерациясының аумағында жүрген және өздеріне пошта жөнелтімімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы жіберілген Ресей Федерациясы азаматтарына қатысты мұндай қаулының заңды күшіне ену тәртібін түсіндірген.

Осыған ұқсас құқық қолдану практикасын Ресей Федерациясының аумағында жол жүрісі қағидаларын бұзған және мұндай бұзушылықтары автоматты режимде жұмыс істейтін фотофиксация техникалық құралдарымен тіркелген шетелдік тіркеу нөмірлері бар көлік құралдарының меншік иелеріне қатысты да қалыптастыруға болады» [30, 80-б.].

Шынында да, үшінші буынның маңызы шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты істерде одан сайын арта түседі. Бұл жағдайда цифрлық материалдарды тексеру күшейтілген сипатта болуға тиіс. Оның себебі ішкі мәліметтердің жеткіліксіздігі, ақпараттық байланыстардың трансшекаралық сипаты және сәйкестендіру қатесінің жоғары қаупі материалдардың құқықтық жарамдылығын растаудың неғұрлым жоғары стандартын талап етеді. Яғни фактілік және құқықтық айқынсыздық неғұрлым жоғары болған сайын, үшінші буынның жұмыс істеуі де соғұрлым егжей-тегжейлі болуы қажет.

Практикалық тұрғыдан алғанда, үшінші буынды дамыту цифрлық есепке алудың жекелеген кезеңін ішінара жаңғырту емес, жол жүрісі қағидаларын бұзуға мемлекеттік-құқықтық ден қою тетігін жетілдірудің жалпы бағыты болып табылады. Дәл осы үшінші буынды дамыту арқылы цифрландырудың тиімділігі мен жеке тұлға құқықтарының кепілдіктері арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге болады. Мемлекет жаппай сипаттағы құқық бұзушылықтарды жедел анықтау мүмкіндігін сақтайды, алайда мемлекеттік мәжбүрлеу жалаң автоматты тіркеу нәтижесіне емес, тексерілген және құқықтық тұрғыдан орнықты цифрлық материалға сүйенеді.

Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасы заңнамасының жалпы логикасына толық сәйкес келеді, өйткені әкімшілік жауаптылық, жол жүрісі, ақпараттандыру және дербес деректерді қорғау туралы нормалар өзара жүйелі бірлікте жария билік мақсатында пайдаланылатын кез келген цифрлық ақпараттың құқықтық негізі, түсінікті субъектілік құрамы, шектеулі қолжетімділік режимі және бақылау мүмкіндігі болуға тиіс екенін талап етеді.

Осыған байланысты цифрлық есепке алуды жетілдіру техникалық құралдардың санын жай ғана арттыру бағытымен емес, жүйенің тексеру сегментін институционалдық жағынан нығайту жолымен жүргізілуі тиіс деп санаймыз.

Практикада бұл шешім қабылдау сатысына дейін цифрлық материалдарды міндетті түрде верификациялау рәсімдерін енгізуді, цифрлық тексерудің біріздендірілген журналдарын жасауды, материалдардың ақаулылығы мен жеткіліктілігі мәртебелерін бекітуді, сондай-ақ материалды қандай жағдайларда қалыпты тәртіппен пайдалануға болатынын және қандай жағдайларда лауазымды адамның қосымша тексеруі қажет екенін нормативтік тұрғыдан

ажыратуды білдіреді. Бұдан бөлек, үшінші буынды дамыту деректердің ерікті түрде өзгертілуіне жол бермеу және аудиторлық іздің сақталуын қамтамасыз ету үшін цифрлық материалдарға қолжетімділікті арнайы реттеуді талап етеді.

Сонымен қатар үшінші буын цифрлық есепке алудың жалпы гибридті ұйымдастырушылық моделіне кіріктірілуге тиіс. Орталықтандырылған есептік контур материалдарды сақтау мен олардың үздіксіз мониторингін қамтамасыз етеді, интеграциялық тетіктер қосымша мәліметтер алуға мүмкіндік береді, ал үшінші буын құқықтық сүзгілеу мен тексеруді жүзеге асырады. Демек, дәл осы буын цифрлық әлеуеттің техникалық мүмкіндіктерін әкімшілік процестің құқықтық логикасымен байланыстырады. Мұндай байланыстырушы тетік болмаған жағдайда цифрлық есепке алу не бір-бірімен байланыспаған технологиялық операциялардың жиынтығы күйінде қалып қояды, не мемлекеттік мәжбүрлеудің шамадан тыс автоматтандырылу қаупін туындатады.

Осылайша, жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды жетілдіру жүйенің құқықтық тұрақтылығының негізгі элементі ретінде үшінші буынды дамыту арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Үшінші буын цифрлық материалдардың шығу тегін, тұтастығын, қатыстылығын, жеткіліктілігін және жауаптылық субъектісімен байланысын тексеруді қамтамасыз етеді, заңды хабарландыру мен орнықты процестік шешім қабылдаудың алғышарттарын қалыптастырады, сондай-ақ әкімшілік ден қоюды цифрландыру заңдылық, дәлелдемелік сенімділік және жеке тұлға құқықтарын қорғау талаптарымен үйлесетінінің институционалдық кепілі ретінде әрекет етеді.

Цифрлық есепке алудың үшінші буыны цифрлық сигналды процестік тұрғыдан жарамды дәлелдеме мәртебесіне ауыстыруды қамтамасыз ететін дербес тексеру тетігі болып табылады. Үшінші буын толыққанды жұмыс істемеген жағдайда цифрлық есепке алу сәйкестендіру қателіктеріне, формалды хабарландыруға, дәлелдемелік базаның ақауларына және кейіннен әкімшілік шешімдердің даулануына осал болады.

Цифрлық есептік деректердің ең төменгі стандарты құқық бұзушылық оқиғасы туралы мәліметтермен ғана шектелмеуге тиіс. Ол сонымен бірге файлдың метадеректерін, техникалық құралдың сәйкестендіргішін, жүргізілген тексеру туралы мәліметтерді, дәлелдемелік жарамдылық мәртебесін және материалды өңдеудің аудиторлық ізін қамтуы қажет.

Қазақстан Республикасында жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды жетілдіру үшінші буынды орталықтандырылған есепке алуды, жүйеаралық мәлімет алмасуды және міндетті құқықтық верификация сатыларын ұштастыратын жалпы гибридті модельге кіріктіру арқылы іске асырылуға тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу қазіргі жағдайда шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-құқықтық реттеуді дамытудың дербес әрі келешегі зор бағытына айналғанын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Оның маңызы құқық бұзушылықтарды анықтау мен тіркеудің тиімділігін арттыру қажеттілігімен ғана шектелмейді. Сонымен қатар ол мемлекеттік басқаруды цифрландыру жағдайында заңдылықты қамтамасыз етуге, дәлелдемелік тұрақтылықты нығайтуға, ведомствоаралық үйлесімділікті қалыптастыруға және әкімшілік шешімдердің нақты орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған сұраныспен де айқындалады.

Зерттеу барысында жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды тек оқиғаларды автоматты түрде тіркеуге арналған техникалық рәсімдердің жиынтығы ретінде қарастыру жеткіліксіз екені анықталды. Оның құқықтық табиғаты тұрғысынан алғанда, ол тіркеушілік, дәлелдемелік, процестік, ақпараттық және бақылаушылық құрамдастарды біріктіретін кешенді әкімшілік-құқықтық тетік болып табылады. Дәл осындай сапада цифрлық есепке алу жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, әкімшілік жауаптылықты іске

асырудың және цифрлық мемлекеттің жұмыс істеуінің анағұрлым кең жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде көрінеді.

Цифрлық есепке алудың теориялық-құқықтық негіздерін талдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы оның жұмыс істеуіне қажетті нормативтік негіз қалыптастыратынын көрсетті. Алайда бұл заңнама шетелдік элементпен күрделенген істерді цифрлық сүйемелдеудің тұтас моделін бекітпейді. Осыған байланысты зерттеуде ұсынылған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу ұғымы оны әкімшілік және ақпараттық заңнама нормаларына негізделген, уәкілетті органдар мен ақпараттық жүйелердің жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы мәліметтерді әкімшілік жауаптылықты қамтамасыз ету, қаулылардың орындалуын бақылау және жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тіркеу, есепке алу, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану жөніндегі қызметі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыста шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты цифрлық есепке алудың проблемалық қырларына ерекше назар аударылды. Зерттеу нәтижесінде дәл осы шетелдік элемент қолданыстағы модельдің негізгі шектеулерін айқын көрсететіні анықталды. Олар жауаптылық субъектісін сәйкестендіру мәселелеріндегі жеткіліксіз айқындықпен, мемлекеттік органдар арасындағы ақпараттық байланыстардың үзік-созық сипатымен, бейрезиденттерді тиісінше хабардар етудің күрделілігімен, цифрлық материалдарды пайдаланудың процессуалдық тұрғыдан жеткіліксіз пысықталуымен, сондай-ақ шығарылған қаулыларды орындау тиімділігінің төмендігімен сипатталады. Ішкі ұлттық есепке алу контурымен байланысты істерден өзгеше, трансшекаралық жағдайларда кез келген ақпараттық, ұйымдастырушылық немесе процестік толық еместік бүкіл жүйенің құқықтық тұрақтылығын едәуір әлсіретеді.

Зерттеу цифрлық есепке алудың осы саладағы түйінді мәселесі құқық бұзушылықты техникалық тұрғыдан тіркеудің өзінде емес, құқық бұзушылық оқиғасы, көлік құралы, цифрлық материал және нақты әкімшілік жауаптылық субъектісі арасындағы заңдық тұрғыдан сенімді байланысты қамтамасыз етуде екенін көрсетті. Демек, қазіргі заманғы цифрлық есепке алу техникалық нәтижеге автоматты түрде сенім арту қағидатына емес, тексерілетін цифрлық сенім қағидатына негізделуге тиіс. Бұл қағидат бойынша әрбір цифрлық материал процестік мақсатта пайдаланылғанға дейін міндетті верификация кезеңінен өтуі қажет.

Жұмыста цифрлық есепке алудың ұйымдастырушылық тиімділігі оның құрылу моделіне тәуелді екені негізделді. Жүргізілген талдау цифрлық есепке алудың үш базалық ұйымдастырушылық моделін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: орталықтандырылған модель, бақылау сатылары моделі және интеграциялық жүйеаралық модель. Орталықтандырылған модель бірізділік пен басқарылуды қамтамасыз етеді, алайда ақпараттық олқылықтар болған жағдайда осалдық танытады. Бақылау сатылары моделі құқықтық сенімділік пен

дәлелдемелік қадағалану деңгейін күшейтеді, бірақ дамыған регламенттеу мен тексеру жүйесін талап етеді. Интеграциялық модель мәліметтердің толықтығын және ведомствоаралық байланыстылықты қамтамасыз етеді, дегенмен ол деректер құрамын, қол жеткізу режимін және жүйеаралық өзара іс-қимыл шектерін нақты нормативтік айқындауды қажет етеді. Осы негізде Қазақстан Республикасы жағдайында цифрлық есепке алудың неғұрлым негізді нұсқасы ретінде орталықтандырылған есептік контурды, міндетті верификация сатыларын және заңды жүйеаралық интеграцияны ұштастыратын гибридті модель танылды.

Магистрлік жобаны әзірлеу барысында Қызылорда облысы Полиция департаментінің практикалық қызметіне шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу жөніндегі анықтамалық әзірленіп, енгізілді. Аталған анықтамалықтың практикалық құндылығы оның резиденттік сценарийден өзгеше шетелдік контур үшін өзіндік басқару логикасын ұсынуында. Мұнда басымдық техникалық тіркеудің өзіне емес, автоматты режимнен нәтижелі әкімшілік шешімге дейінгі толық циклді қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда уақытша бейінді тұрақты цифрлық сәйкестендіргішпен байланыстыруға беріледі.

Тұрақты цифрлық сәйкестендіргішсіз сәйкестендіру жүргізілетін жағдайларда шешуші рөлді уақытша бейін, көпарналы хабарлау тетігі, көші-қон және шекаралық контурлармен түйістіру, сондай-ақ деректердің құқықтық режимін айқындайтын ведомствоаралық регламент атқарады. Осы элементтерсіз автоматты режимде тіркеу толыққанды құқық қолдану құралына айналмайды, ал қайталанатын бұзушылықтарды есепке алу мен мәжбүрлеп орындау тұрақсыз күйде қала береді.

Магистрлік жоба шеңберінде цифрлық есепке алудың үшінші буынының жүйенің құқықтық тұрақтылығы элементі ретіндегі маңызы да атап өтілді. Бұл буын автоматты тіркеу сатысы мен цифрлық материалды процестік мақсатта пайдалану сатысының арасында орналасқан дербес тексеру тетігі ретінде түсіндіріледі. Ол цифрлық материалдардың шығу тегін, тұтастығын, қатыстылығын, жеткіліктілігін және субъектілік байланысын тексеруді қамтамасыз етеді, тек дәлелдемелік емес, сонымен бірге процестік-сүзгілеуші функцияны да атқарады және тексерілмеген техникалық сигналдың автоматты түрде заңдық маңызы бар әкімшілік шешімге айналып кетуіне жол бермейді.

Тиісті тексеру сатысының болмауы тұлғаны қате сәйкестендіру, цифрлық материал мен нақты оқиға арасындағы байланыстың үзілуі, тұлғаның қорғану құқығын қамтамасыз етпестен формалды хабарландыру жіберу және кейіннен қаулыларға дау келтіру тәуекелдерін туындатады.

Сонымен қатар жоба нәтижелері бойынша цифрлық есептік деректердің ең төменгі стандартын нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттігі айқындалды. Мұндай стандартта тіркеу уақыты мен орны, техникалық құралдың сәйкестендіргіші, цифрлық файл параметрлері, тексеруден өткені туралы мәліметтер, субъектілік

верификация белгісі, материалдың дәлелдемелік жарамдылық мәртебесі, хабарландыру туралы деректер және аудиторлық із элементтері қамтылуға тиіс. Осындай стандартты енгізу құқық қолдану бірізділігін қамтамасыз етуге, цифрлық материалдардың қадағалануын күшейтуге және әкімшілік шешімдердің ақаулы деп танылу қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу сондай-ақ шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты цифрлық есепке алуды жетілдіру ведомствоаралық өзара іс-қимылды дамытусыз мүмкін еместігін көрсетті. Орнықты цифрлық істі қалыптастыру үшін ішкі істер органдарының, шекара, көші-қон, тіркеу және өзге де мемлекеттік құрылымдардың келісілген жұмысы қажет. Бұл ретте мұндай өзара іс-қимыл заңмен нақты айқындалған шектерде және дербес деректер туралы заңнама талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс. Демек, цифрлық есепке алуды дамыту тек деректерді техникалық интеграциялауды ғана емес, оларды нормативтік және институционалдық тұрғыдан орнықтыруды да талап етеді.

Жүргізілген зерттеу негізінде жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алуды жетілдіруге бағытталған қолданыстағы заңнамаға бірқатар ұсыныстар тұжырымдалды, соның ішінде өндіріс қатысушыларын хабардар ету және ақпараттық-есептік құжатты қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар берілді (салыстырмалы кесте қоса тіркеледі).

Осылайша, зерттеу мақсатына қол жеткізілді, ал қойылған міндеттер шешімін тапты. Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының қатысуымен жасалған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды цифрлық есепке алу техникалық тіркеудің қарапайым моделінен істі құқықтық тұрғыдан орнықты цифрлық сүйемелдеу моделіне көшуді талап ететін кешенді әкімшілік-құқықтық институт ретінде қарастырылуға тиіс. Бұл өзгерісте шешуші мән цифрлық есепке алудың үшінші буынына тиесілі, өйткені ол цифрлық материалдардың тексерілуін, дәлелдемелік жарамдылығын және процестік сенімділігін қамтамасыз етеді.

Осы саладағы кейінгі зерттеулердің келешегі трансшекаралық ақпараттық өзара іс-қимыл мәселелерін тереңдете пысықтаумен, әкімшілік өндірістің цифрлық стандарттарын біріздендірумен, бейрезиденттерді цифрлық хабардар ету тетіктерін жетілдірумен және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердегі электрондық дәлелдемелерді нормативтік реттеумен байланысты. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен ұсынымдарды практикада іске асыру жол жүрісі саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға, әкімшілік өндірістегі заңдылықты нығайтуға және шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдары жасаған жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтар бойынша жазасыздық әсерін төмендетуге қабілетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-ceremonii-nagrazhdeniya-uchenyh-1034628 (жүгінген күні: 10.04.2026)
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K24002024_1 (жүгінген күні: 09.04.2026)
3. Кузьмин А.В., Грызунова Е.В., Смирнова Е.М. Құқық саласындағы цифрлық технологиялар // Социология и право. 2022. Т. 14. № 2. – 207–213-бб.
4. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алулар туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000510_ (жүгінген күні: 10.04.2026)
5. Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі. 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000255 (жүгінген күні: 10.04.2026)

6. Попов А.Ю., Резаева А.М. Бухгалтерлік есепті цифрландырудың инновациялық тәсілдері // Научный журнал Байкальского государственного университета. 2023. Т. 14. № 1. – 11–20-бб.
7. 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000000 (жүгінген күні: 10.04.2026)
8. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235 (қаралған күні: 10.04.2026)
9. «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000194 (жүгінген күні: 10.04.2026)
10. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000418 (жүгінген күні: 10.04.2026)
11. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1300000094 (жүгінген күні: 10.04.2026)
12. Хакимов Е.М. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылықтар үшін кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту проблемалары. Қарағанды, 2021. – 185 б.
13. Цифрлық технологиялар жол жүрісі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеді [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://yandex.kz/turbo/zakon.kz/s/4912829-tsifrovye-tehnologii-na-strazhe.html (жүгінген күні: 14.03.2026)
14. Кравчук Л.С. Саксония полициясы қызметінің ақпараттық қамтамасыз етілуі туралы (Германия Федеративтік Республикасы) // Проблемы правоохранительной деятельности. 2020. № 4. – 65–72-бб.
15. Колесов Н.А., Незамаев А.А. Жол полициясының автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің массивтеріне қол жеткізуге арналған Web-қосымшаларды әзірлеу: Алтай өлкесі бойынша Ресей ІІМ Бас басқармасының жол полициясы ақпараттық қамтамасыз ету өңірлік бөлімінің тәжірибесі // Молодой ученый. 2012. № 2 (37). – 57–59-бб.
16. Головко В.В. Ішкі істер органдарының жол жүрісі саласындағы әкімшілік-юрисдикциялық қызметі: заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Мәскеу, 2008. – 39 б.
17. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін және қылмыстық әрі әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 971 бұйрығы [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V14C0010227 (жүгінген күні: 14.03.2026)
18. «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығы [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020962 (жүгінген күні: 14.03.2026)
19. Есаков Г.А., Крылова Н.Е., Серебрянникова А.В. Шетел мемлекеттерінің қылмыстық құқығы. – Мәскеу, 2008. – 133 б.
20. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002337_ (жүгінген күні: 14.03.2026)
21. Синицына С.В., Чумакова Н.И. Жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық құрамы // Законность и правопорядок в современном обществе. 2016. № 28. – 10–20-бб.
22. Қазақстан мемлекеттік органдарда AITU ұлттық мессенджерін енгізуде [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://uchet.kz/news/224-integratsii-ii-i-novyy-messendzher-chto-utverdil-tsifrovoy-shtab-rk/ (жүгінген күні: 14.03.2026)
23. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 12 қарашадағы № 121, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 1998 жылғы 1 желтоқсандағы № 1043ца, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 1998 жылғы 8 желтоқсандағы № 73, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 598, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы 2 желтоқсандағы № 429, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрінің 1998 жылғы 28 желтоқсандағы № 111 бірлескен бұйрығы «Соттардың, прокуратура органдарының, алдын ала тергеу, анықтау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V980000658_ (жүгінген күні: 14.04.2026)
24. Сенат депутаттары жүргізушілерге жол жүрісі қағидаларын бұзғаны үшін балл есептеуді ұсынды [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://www.ktk.kz/ru/news/video/2020/01/16/137737/ (жүгінген күні: 21.02.2026)
25. «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII ҚРЗ [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2500000245 (жүгінген күні: 10.04.2026)
26. Палагина А.В. Муниципалдық мүлікті басқарудағы цифрлық технологиялар: теориясы мен практикасы // Международный научный журнал «Вестник науки». № 12 (93), т. 4, 1-бөлім. 2025. – 544–551-бб.

27. Жегалова Н.А. Жедел есеп пен бақылау: теориясы мен әдістемесі. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Мәскеу, 2009. – 222 б.
28. Сидорова М.И. Әртүрлі есептік ішкі жүйелерді бірыңғай ақпараттық кеңістікке ықпалдастыру модельдері // Международный бухгалтерский учет. № 30 (276). 2013. – 20–27-бб.
29. Евсикова Е.В. В.И. Вернадский атындағы Қырым федералдық университетінің ғылыми жазбалары. Заң ғылымдары. 2023. Т. 9 (75). № 2. – 122–135-бб.
30. Быков А.И. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға тағайындалған жол жүрісі саласындағы әкімшілік жазаларды орындауды ұйымдастырудың проблемалық мәселелері және оларды шешу жолдары // Административное право и процесс. 2015. № 3. – 75–81-бб.

ҚОСЫМША 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ТАРАПЫНАН ЖАСАЛҒАН ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЦИФРЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

Құқықтық, ұйымдастырушылық және іс жүргізушілік ұсынымдар

Орындаушы


Манатов Муратбек Мирамбекович

Анықтамалықта шетел азаматтары мен шетелдік тіркеудегі көлік құралдарына қатысты ЖҚЕ бұзушылықтарын цифрлық тіркеу,

сәйкестендіру, хабарлау, төлеу және орындату процестері жүйеленеді.

Құжат практикалық қолдануға арналған және әкімшілік полиция, прокуратура, көші-қон және шекара қызметтері, цифрлық сервистер операторлары мен өзге де уәкілетті органдар үшін келісілген жұмыс үлгісін ұсынады.

Қосшы, 2026 жыл



1. Құжаттың мақсаты және қолданылу саласы

Бұл анықтамалықтың мақсаты - Қазақстан Республикасында жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілерін, соның ішінде шетел азаматтары мен шетелдік тіркеудегі көлік құралдары тарапынан жасалған құқық бұзушылықтарды цифрлық есепке алу, сәйкестендіру, дәлелдемелік пакетті қалыптастыру, хабарлау, төлеу және орындату кезеңдері бойынша бірыңғай практикалық тәсілді ұсыну.

Қолданылу саласы автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен, патрульдік полициямен, мобильді кешендермен және өзге де уәкілетті дереккөздермен тіркелетін әкімшілік құқық бұзушылықтарды қамтиды. Құжат шетелдік тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты цифрлық идентификаторы болмауы, көлік құралының шетелде тіркелуі, байланыс арналарының расталмауы және шекаралық қозғалыстың жоғары динамикасы жағдайында процесті ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі.

Осы анықтамалықта қолданбалы және талдамалық ыңғайлылық үшін "Әкімшілік құқық бұзушылықтың бірыңғай тізілімі (ӘҚББТ)" атауы пайдаланылады. Бұл ретте әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық нысанда жүргізуге арналған ақпараттық жүйенің ресми регламенттік атауы қолданыстағы қағидаларда "Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі (ӘІБТ) / ЕРАП" ретінде бекітілген. Анықтамалықта аталған атаулар бір цифрлық контурдың құқықтық және қолданбалы қырларын көрсету үшін қатар қолданылады.

Қысқаша тұжырым

Анықтамалықтың түйінді идеясы - шетелдік контурда цифрлық тіркеу тек техникалық фиксациямен шектелмеуі керек. Автоматты режим толық нәтиже беруі үшін ӘІБТ/процессингтік орталық, уақытша сәйкестендіру профилі, көпарналы хабарлау және мәжбүрлеп орындатуға дейінгі айқын ведомствоаралық маршрут өзара байланысты болуы тиіс.

Құжат паспорты

Параметр	Мазмұны
Құжат түрі	Практикалық анықтамалық
Негізгі адресаттар	Әкімшілік полиция, прокуратура, көші-қон және шекара қызметтері, уәкілетті цифрлық сервистер операторлары
Негізгі нысан	Шетел азаматтары мен шетелдік тіркеудегі көлік құралдарына қатысты ЖҚЕ бұзушылықтарын цифрлық есепке алу
Қолдану нәтижесі	Тіркеу, сәйкестендіру, хабарлау және орындатудың келісілген үлгісі
Басым бағыт	Автоматты фиксацияны құқықтық және ұйымдастырушылық сүйемелдеу
Ерекше назар	ЖСН/ИИН жоқ тұлғалар, owner/user/driver айырмасы, шетелдік нөмірді верификациялау және дәлелдеме тұтастығы

2. Нормативтік-құқықтық және ақпараттық жүйелік негіз

Анықтамалықтың құқықтық өзегін жол жүрісін, әкімшілік жауаптылықты, цифрлық өзара іс-қимылды және дербес деректерді қорғауды реттейтін нормалар құрайды. Практикалық деңгейде бұл блокқа ӘҚБтК, "Жол жүрісі туралы" Заң, "Ақпараттандыру туралы" Заң, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заң, "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Заң, қолданыстағы Жол жүрісі қағидалары, сондай-ақ ӘІБТ-ні жүргізу қағидалары мен ақпараттық қауіпсіздік талаптары кіреді.

Автоматты режимде тіркелген құқық бұзушылықтарды өңдеу барысында нормативтік реттеу тек құқық бұзушылық құрамын айқындап қана қоймайды, сонымен бірге кімге және қалай нұсқама жіберілетінін, меншік иесі анықталмаған жағдайда қандай мәртебе қолданылатынын, іс материалдарына қашықтан қол жеткізу шегін және мәжбүрлеп орындатуға көшу логикасын белгілейді.

Акт	Практикалық мәні
ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі	Әкімшілік жауаптылықтың құрамы, қысқартылған іс жүргізу, автоматты режимде тіркелген материалдар бойынша нұсқама және орындату тәртібі

"Жол жүрісі туралы" ҚР Заңы, 17.04.2014 № 194-V	Жол жүрісі қауіпсіздігі, көлік иесінің және жүргізушінің құқықтық мәртебесі, уәкілетті органдардың құзыреті
"Ақпараттандыру туралы" ҚР Заңы, 24.11.2015 № 418-V	Ақпараттық жүйелердің ықпалдасуы, деректер алмасу, цифрлық сервистерді ұйымдастыру
"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңы, 21.05.2013 № 94-V	Фото, видео, нөмір, паспорттық және байланыс деректерін өңдеу шектері
"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңы, 16.11.2015 № 401-V	Іс материалдарын қашықтан көрсету көлемін айқындауға ықпал ететін жариялылық шектері
Жол жүрісі қағидалары, ІІМ 30.06.2023 № 534 бұйрығы	Бұзушылық фактісін саралау үшін қолданылатын базалық жүріс ережелері
ӘҚББТ/ӘІБТ-ні жүргізу қағидалары, Бас Прокурордың 10.07.2020 № 85 бұйрығы, өзекті редакцияда	Электрондық іс жүргізу, процессингтік орталық, белгіленбеген санат, көпшілік сектор және хабарлау арналары
ІІМ 22.07.2016 № 757 бұйрығы және Үкіметтің 20.12.2016 № 832 қаулысы	Жол қауіпсіздігі бөлімшелерінің ұйымдастырушылық жұмысы және ИКТ/ақпараттық қауіпсіздік талаптары

3. Негізгі ұғымдар мен жұмыс қағидаттары

Ұғым/қағидат	Мазмұны және практикалық мәні
Цифрлық есепке алу	Құқық бұзушылық фактісін электрондық карточкаға енгізу, мәртебелерін жүргізу және материалдардың қозғалысын цифрлық ортада сүйемелдеу
Дәлелдемелік пакет	Фото/видео материал, уақыт белгісі, геолокация, құрылғы идентификаторы, логтар және файл тұтастығын растайтын атрибуттар
Шетелдік контур	Құқық бұзушы немесе көлік иесі резидент емес, не көлік шетелдік тіркеуде тұрған жағдайдағы ерекше процессуалдық режим
Уақытша сәйкестендіру профилі	ЖСН жоқ тұлғаға қатысты паспорт деректері, кіру/шығу ақпараты, байланыс арналары және көлік деректері негізінде қалыптастырылатын жұмыс профилі
ӘҚББТ/ӘІБТ-нің процессингтік орталығы	Автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған техникалық құралдармен тіркелген құқық бұзушылықтарды өңдейтін контур
Көпшілік сектор/жария сервис	Іс жүргізуге қатысушылардың материалдармен танысуына және өтініш/шағым беруіне арналған қашықтан қол жеткізу арнасы
Деректерді минимизациялау	Мақсатқа қатысы жоқ артық деректерді жинамау және тек процесс үшін қажетті атрибуттармен шектелу

Журналдау және аудит	Кім, қашан, қандай өзгеріс енгізгенін тіркейтін бақылау қабаты

4. ӘҚББТ (ресми контурда - ӘІБТ/ЕРАП) бойынша арнайы проблематика

Практикалық айналымда айыппұлдарды қарау мен төлеуге арналған әртүрлі сервистер болғанымен, құқықтық өзек ретінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер мен электрондық іс жүргізу жинақталатын бірыңғай реестрлік контур қарастырылады. Қолданыстағы қағидаларда бұл жүйе ресми түрде ӘІБТ/ЕРАП ретінде бекітілген, ал қолданбалы ортада ӘҚББТ атауы да кеңінен пайдаланылады. Дәл осы контурда процессингтік орталық, көпшілік сектор, электрондық іс материалдары, белгіленбеген санат және автоматты режимде тіркелген бұзушылықтарды өңдеу механизмдері тоғысады.

Шетелдік контурда негізгі түйіндік мәселе - құқық бұзушылықтың өзін тіркеу емес, құқық бұзушыны немесе көлік иесін орнықты цифрлық сәйкестендіру. Егер тұлғада ЖСН/ИИН болса, тіркеу, хабарлау, төлеу және қайталануды есепке алу айтарлықтай жеңілдейді. Ал ЖСН болмаған жағдайда құқық бұзушылық жойылмайды, бірақ процестің әрі қарайғы кезеңдері - адресатқа нұсқама жеткізу, төлемді белгілі тұлғамен байланыстыру, бұрын жасалған бұзушылықтармен салыстыру және мәжбүрлеп орындату - күрделене түседі. Сондықтан шетелдік контурда уақытша сәйкестендіру профилі, owner/user/driver бөлінісі және көші-қон/шекаралық деректермен түйістіру механизмі шешуші рөл атқарады.

Автоматты фиксация жағдайында камера көбіне көлік құралын көреді, ал нақты жүргізушіні емес. Шетелдік нөмір, жалдау, сенімхат, лизинг немесе корпоративтік пайдалану жағдайларында меншік иесі, пайдаланушы және нақты жүргізуші бір тұлға болмауы мүмкін. Сол себепті ӘҚББТ контурында көлік иесіне, пайдаланушыға және жүргізушіге қатысты өрістерді бөлек жүргізу, ал істі белгіленген және белгіленбеген сценарийі бойынша айыру құқық қолдану сапасын арттыратын міндетті элемент болып табылады.

Тіркеудің қолданбалы логикасы екі деңгейлі тәсілге сүйенуі тиіс. Бірінші деңгей - ЖСН/ИИН бар тұлғаға қатысты негізгі цифрлық маршрут, онда іс бірден нақты субъектімен байланысады. Екінші деңгей - ЖСН/ИИН жоқ тұлғаға қатысты арнайы маршрут, онда уақытша сәйкестендіру профилі паспорт, азаматтық, туған күні, байланыс арналары, көлік нөмірі, ел коды, VIN және кіру/болу деректері негізінде қалыптастырылады.

Мұндай тәсіл құқық бұзушылықты есепке алмау емес, оны нәтижелі орындатуға жеткізетін аралық цифрлық көпір ретінде қарастырылады. Қажет болған жағдайда уақытша профиль кейін ЖСН қалыптастыру сервисімен, көші-қон деректерімен және іс жүргізудің өзге цифрлық контурларымен байланыстырылуы мүмкін.

Мәселе	Салдары	Ұсынылатын шешім
ЖСН немесе тұрақты цифрлық идентификатор жоқ	Автоматты хабарлау, іздеу және мәжбүрлеп орындату бірден толық циклге өтпейді	Паспорт деректері, байланыс арналары, көлік деректері және кіру/шығу фактілері негізінде уақытша сәйкестендіру профилін енгізу

Көлік құралының меншік иесі анықталмаған	Іс "белгіленбеген" санатқа түсіп, қысқа мерзімде қосымша тексеруді талап етеді	Нөмірді тануды операторлық верификациямен толықтыру; жалдау, лизинг және сенімхат сценарийін бөлек белгілеу
Шетелдік нөмірді қате тану тәуекелі	Қате нұсқама немесе қате адресатқа бағытталған хабарлама тәуекелі жоғарылайды	Екі факторлы валидация: OCR/ANPR нәтижесі + оператордың көзбен тексеруі
Байланыс арнасы расталмаған	SMS немесе электрондық хабарлама жеткізілмеуі мүмкін	Көпарналы хабарлау: SMS, e-mail, пошта, жария сервис және қажет болғанда өзге түсіндіру арналары
Қысқа мерзімді болу және шекарадан шығу тәуекелі	Хабарлау мен төлеу терезесі іс жүзінде қысқарады	Шекаралық және көші-қон блоктарымен тәуекелдік өзара іс-қимыл сценарийін айқындау
Дәлелдеменің тұтастығына дау	Шетелдік тарап шағымданғанда түпнұсқа материалдың өзгермеуі ерекше мәнге ие	Хэш, лог және құрылғы сертификаты деңгейінде дәлелдемені сақтау

5. Мүдделі органдар және рөлдер матрицасы

Тарап	Негізгі рөл	Қатысушылар	Нәтижесі/өнімі
Әкімшілік полиция және процессингтік контур	Құқық бұзушылықты тіркеу, бастапқы тексеру, квалификация және іс жүргізуді бастау	Патрульдік полиция, жедел кезекшілік	Электрондық іс немесе нұсқама жобасы
Прокуратура және уәкілетті статистикалық орган	ӘІБТ контурын құқықтық және есептік сүйемелдеу, процестік заңдылықты бақылау	Комитеттің аумақтық органдары	Есептік деректер мен процестік бақылау
Көші-қон және шекара қызметтері	Шетелдік тұлғаның болу мәртебесін, кіру/шығу фактісін және байланыс деректерін нақтылауға жәрдемдесу	ІІМ көші-қон блогы, шекара қызметі	Уақытша сәйкестендіруді қолдайтын деректер
Цифрлық сервистер және интеграция операторлары	Жария сервис, хабарлау, төлеу және материалдарға қашықтан қол жеткізу арнасын қолдау	eGov, уәкілетті ақпараттық сервистер	Қашықтан қол жеткізу және төлем арнасы

Жол қауіпсіздігі және ИТ бөлімшелері	Техникалық интеграция, қауіпсіздік, логтау және дәлелдемені сақтау	Оператор, мердігер, IT-қызмет	Қауіпсіз және аудиттелетін цифрлық процесс

6. Цифрлық есепке алудың кезеңдік алгоритмі

Төмендегі алгоритм шетелдік контурдағы бұзушылықты автоматты фиксация сәтінен бастап аналитика мен орындату кезеңіне дейін басқарылатын тізбекке келтіреді. Оның басты ерекшелігі - алдымен құқық бұзушылықты тіркеу, кейін тіркеудің режимін таңдау, содан соң ғана адресатты және орындау арнасын дәл анықтау. Әсіресе ЖСН/ИИН жоқ тұлғалар мен шетелдік тіркеудегі көлік құралдары бойынша бұл сатылардың ауыстырылмай сақталуы процестің заңдылығы мен тиімділігіне тікелей әсер етеді.

№	Қадам	Не орындалады	Нәтиже
1	Оқиғаны тіркеу	Камера, мобильді кешен немесе патруль бұзушылық фактісін генерациялайды	Event/card құрылады
2	Дәлелдемені бекіту	Фото/видео, уақыт, орын, құрылғы ID және бастапқы файл атрибуттары тіркеледі	Базалық дәлелдемелік пакет
3	Нөмірді тану	Мемлекеттік нөмір мен ел коды алдын ала айқындалады	Көлік профилі бойынша бастапқы сәйкестендіру
4	Шетелдік контурды белгілеу	Шетелдік нөмір, паспорттық дерек немесе өзге белгі табылса, іс арнайы мәртебеге өтеді	FOREIGN/арнайы сценарий
5	Құқықтық квалификация	ЖҚЕ нормасы және ӘҚБтК-дағы тиісті құрам таңдалады	Бап пен санкция жобасы
6	Сәйкестендіру режимін таңдау	ЖСН/ИИН бар-жоғы, тұлғалық немесе көлікке бағытталған сценарий, owner/user/driver логикасы айқындалады	Негізгі не арнайы маршрут
7	Уақытша немесе тұрақты профильді қалыптастыру	Паспорт, байланыс, кіру/шығу ақпараты, көлік деректері және қажет болса ИИН сервисіне бағыттау белгіленеді	Цифрлық профиль/байланысқан жазба
8	Хабарлау	SMS, e-mail, пошта немесе жария сервис арқылы хабар беріледі	Жеткізу фактісі журналданады
9	Төлеу және жеңілдікті мерзім	Ерікті төлем, жеңілдетілген төлем мерзімі және төлем арналары түсіндіріледі	Төлем мәртебесі
10	Шағым мен материалдарға қол жеткізу	Тарапқа материалдармен танысу және өтініш/шағым беру мүмкіндігі ұсынылады	Қашықтан құқықтарды іске асыру

11	Аналитика және қайталануды есепке алу	Бір тұлға, бір көлік немесе бір маршрут бойынша қайталанатын бұзушылықтар мен тәуекел нүктелері талданады	Өндіріп алу контуры
12	Аналитика және алдын алу	Қайталанатын бұзушылықтар мен тәуекел нүктелері талданады	Басқарушылық есеп және профилактика

7. Деректер құрамы, хабарлау және шағымдану арналары

Минималды деректер құрамы

Өріс	Мақсаты	Ескертпе
event_id	Оқиғаны бірегей сәйкестендіру	Міндетті
device_id	Тіркеген құрылғы/кешен идентификаторы	Міндетті
date_time	Тіркелген уақыт	Міндетті
location	Орын, координат немесе учаске	Міндетті
plate_number / country_code	Нөмір және ел коды	Міндетті
article_code	Құқықтық квалификация коды	Міндетті
identity_mode	Тіркеудің негізгі немесе арнайы сценарийін белгілеу	Ұсынылатын
person_profile_ref	ЖСН немесе уақытша сәйкестендіру профиліне сілтеме	Шетелдік контур үшін аса маңызды
delivery_status	Хабарлау мәртебесі	Міндетті
payment_status	Төлем/орындалу мәртебесі	Міндетті

Хабарлау және іс материалдарына қол жеткізу

Арна	Функциясы	Практикалық ескерту
SMS/1414 немесе өзге интеграцияланған арна	Жедел хабарлау	Расталған абоненттік нөмір болғанда ең жылдам сценарий
Электрондық пошта	Қосымша жазбаша растау	Шетелдік тұлғаның тұрақты e-mail-ы болғанда тиімді
Пошта/қағаз хабарлама	Резервтік процессуалдық арна	Қашықтан жеткізу сәтсіз болғанда
eGov және уәкілетті ақпараттық сервис	Материалдарды қарау және төлеу	Қашықтан қол жеткізу және төлем үшін

ӘҚББТ-нің көпшілік секторы	Іс материалдарына танысу, өтінішхат/шағым беру	Электрондық процестік құқықтарды іске асыру арнасы
Шекарадағы ақпараттандыру сценарийі	Тәуекелі жоғары қысқа мерзімді болу жағдайы	Нормативтік және ведомствоаралық келісіммен нақтылауды қажет етеді

8. Ерекше сценарийлер мен тәуекелдер

Тәуекел	Салдары	Төмендету шарасы
Шетелдік тұлғада ЖСН жоқ	Сәйкестендіру кідіреді, автоматты маршрут үзіледі	Уақытша профиль, ведомствоаралық деректер сұрату және кейінгі синхрондау
Жалдау, лизинг немесе сенімхатпен пайдалану	Ие мен пайдаланушы арасындағы айырма дауды күрделендіреді	Карточкада owner/user/driver өрістерін бөлек жүргізу
Нөмірді қате тану	Қате адресатқа нұсқама жіберіледі	Екі сатылы валидация және фотоны қолмен растау
Хабарлама жеткізілмеді	Ерікті төлеу терезесі өтіп кетеді, дау көбейеді	Көпарналы хабарлау және жеткізу фактісін журналдау
Дәлелдеме тұтастығына күмән	Шағымда іс әлсірейді	Түпнұсқа файлды бөлек сақтау, хэш және лог
Шекарадан жедел шығу	Орындату тәуекелі өседі	Тәуекелдік интеграция сценарийі және жедел хабарлау

9. KPI, мониторинг және go-live алдындағы бақылау

Негізгі KPI

Көрсеткіш	Нені көрсетеді	Кезең
Тіркеуден хабарлауға дейінгі орташа уақыт	Процестің жеделдігін бағалайды	Күнделікті/апталық
Шетелдік контур бойынша сәйкестендіру дәлдігі	Қате сәйкестендіру үлесін көрсетеді	Апталық/айлық
Хабарламаның жеткізілу пайызы	Қай арналардың тиімді екенін көрсетеді	Апталық
Ерікті төлеу үлесі	Процестің азаматқа түсініктілігін жанама көрсетеді	Айлық

Шағымдардың үлесі және қанағаттандырылуы	Дәлелдеме сапасы мен рәсімнің әлсіз тұстарын көрсетеді	Айлық/тоқсандық

Go-live алдындағы чек-парақ

Іске қосу алдында

□ FOREIGN сценарийі үшін уақытша сәйкестендіру профилі бекітілді.
□ Шетелдік нөмірлерді тану және операторлық верификация тәртібі айқындалды.
□ Хабарлау арналарының резервтік тізбегі және жеткізу журналы іске қосылды.
□ Дәлелдемелердің түпнұсқаларын сақтау, хэш және лог талаптары тексерілді.
□ Қашықтан қарау, төлеу және шағымдану арналары тестіленді.
□ Мәжбүрлеп орындатуға көшу мерзімі мен жауапты тараптар келісілді.

10. Қорытынды қағидалар

Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарына қатысты ЖҚЕ бұзушылықтарын цифрлық есепке алу тек камерадан түскен материалды базаға енгізумен шектелмейді. Ол - құқық бұзушылықты тіркеу, тұлғаны не көлік иесін сәйкестендіру, owner/user/driver логикасын ажырату, дәлелдемені қорғау, процестік құқықтарды қамтамасыз ету, хабарлау мен орындатудың жұмыс істейтін арнасын құрудан тұратын кешенді ұйымдастырушылық-құқықтық модель.

Осы анықтамалықтың практикалық құндылығы - резиденттік сценарийден ерекшеленетін шетелдік контур үшін жеке басқару логикасын ұсынуында. Негізгі басымдық техникалық фиксацияның өзіне емес, автоматты режимнен нәтижелі әкімшілік шешімге дейінгі толық циклді қамтамасыз етуге, ал қажет болған жағдайда уақытша профильді тұрақты цифрлық идентификатормен байланыстыруға беріледі.

Сәйкестендіру тұрақты цифрлық идентификаторсыз жүргізілетін жағдайларда уақытша профиль, көпарналы хабарлау, көші-қон және шекара контурымен түйістіру, сондай-ақ деректердің құқықтық режимін айқындайтын ведомствоаралық регламент шешуші рөл атқарады. Осы элементтерсіз автоматты режимдегі тіркеу толыққанды құқық қолдану құралына айналмайды, ал қайталануды есепке алу мен мәжбүрлеп орындату тұрақсыз күйде қалады.

Қосымша А. Нормативтік және ведомстволық актілердің өзекті тізбесі

• Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

• Қазақстан Республикасының "Жол жүрісі туралы" Заңы, 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ.

• Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" Заңы, 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ.

• Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңы, 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы.

• Қазақстан Республикасының "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Заңы, 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ.

• Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидалары.

• Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімін (қолданбалы айналымда - ӘҚББТ) жүргізу қағидалары, өзекті редакцияда.

• Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 757 бұйрығы, өзекті редакцияда.

• Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы, өзекті редакцияда.

• Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңы, 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV ҚРЗ.

• Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Заңы.

• Иммигранттардың Қазақстан Республикасына келуі және онда болуы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысы.

Қосымша Ә. Уақытша сәйкестендіру профилінің үлгісі

№	Өріс	Мәртебесі
1	Тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса)	Міндетті
2	Паспорт/жеке құжат нөмірі, берілген елі	Міндетті
3	Туған күні	Ұсынылатын
4	Азаматтығы	Міндетті
5	Қазақстанға кіру күні/арнасы	Ұсынылатын
6	Ұялы байланыс нөмірі	Бар болса міндетті
7	Электрондық пошта	Бар болса міндетті
8	Көлік құралының нөмірі және ел коды	Міндетті
9	Көлік құралының маркасы/түрі	Ұсынылатын
10	Owner/user/driver мәртебесі	Міндетті

Қосымша Б. FOREIGN ісі бойынша қысқа чек-лист

• □ Фото/видео сапасы жеткілікті ме және нөмір анық көріне ме?

• □ Құрылғы ID, уақыт және орын деректері толық сақталды ма?

• □ Шетелдік контур мәртебесі дұрыс қойылды ма?

• □ Уақытша сәйкестендіру профилі қалыптастырылды ма?

• □ Хабарлау үшін кемінде екі арна қарастырылды ма?

• □ Төлеу және шағымдану туралы ақпарат адресатқа түсінікті түрде берілді ме?

• □ Қайталануды есепке алу үшін уақытша профиль мен көлік профилі өзара байланыстырылды ма?

Ескерту

Егер осы чек-лист тармақтарының кемінде бірі орындалмаса, іс толық автоматты сценариймен аяқталды деп есептелмейді және ол қолмен қосымша тексеру маршрутына жіберілуі тиіс.

ҚОСЫМША 2

«БЕКІТЕМІН»
Қызылорда облысы полиция
Департаментінің бастығы,
полиция полковнигі

_____ С.Ж. Ергешов

2026 жылғы «___» _____
М.О

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты Манатов Муратбек
Мирамбековичтың «Шетел азаматтары мен көлік құралдары тарапынан
жасалған жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды цифрлық есепке алу:
құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері»
тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелерін енгізу актісі

Комиссия құрамы:

Төраға	1) Департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ермахан Әділханұлы Абдраманов
және комиссия мүшелері	2) Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ердаулет Баянбаевич Жаукеев
	3) Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Марат Азамханович Рахметов

Магистрлік жобаның «Шетел азаматтары мен шетелдік көлік құралдарының жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарын цифрлық тіркеу және есепке алу тетіктері» атты 2 бөлімі (тарауы) аясында әзірленген «Шетел азаматтары мен көлік құралдары тарапынан жасалған жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды цифрлық есепке алу» тақырыбындағы анықтамалықты практикалық қызметке енгізу туралы осы актіні жасады.

Енгізу күні: 2026 жылғы «___» _____

Төраға: 1)_____ Е.Ә. Абдрахманов
(Қолы)

Комиссия мүшелері: 2) _____ Е.Б. Жаукеев
(Қолы)

3) _____ М.А. Рахметов
(Қолы)

ҚОСЫМША 3

САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ
Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне,
Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына

№	Құрылымдық элемент	Жобаның қолданыстағы редакциясы	Жобаның ұсынылатын редакциясы	Негіздеме
2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі				
1.	**743-баптың 2-бөлігі**	**2.** Хабарлама (извещение) оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, телефонограмма немесе жеделхат арқылы, ұялы байланыс абоненттік нөміріне мәтіндік хабарлама жіберу жолымен не электрондық пошта мекенжайы бойынша, сондай-ақ хабарлама не шақыру жіберілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жолданады.	2. Хабарлама (извещение) оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, телефонограмма немесе жеделхат арқылы, ұялы байланыс абоненттік нөміріне мәтіндік хабарлама жіберу жолымен не электрондық пошта мекенжайы бойынша, сондай-ақ хабарлама не шақыру жіберілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жолданады. Интернет желісіндегі мессенджерлер арқылы хабарламаларды (извещениелерді) жіберуге тыйым салынады.	Хабарламаларды (извещениелерді) табыстау мәселесін қазіргі уақытта өтініштердің қаралуы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қозғалуы жөніндегі хабарламалар түсетін «1414» порталы арқылы барлық процестік әрекеттер бойынша міндетті push-хабарламалар жіберу жолымен шешуге болады.
2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушының бұйрығы				
1.	**1-қосымша. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы» ақпараттық-есептік құжат**	жоқ	1.2. верификация жүргізген тұлға немесе бөлімше туралы және материалдың одан әрі процестік қозғалысқа дайындығы мәртебесін хабарлаған субъект туралы мәліметтер	Цифрлық есептік деректердің ең төменгі стандартын қалыптастыру шеңберінде материалдың одан әрі процестік қозғалысқа дайындығы мәртебесін хабарлаған және верификация жүргізген тұлға немесе бөлімше туралы

				мәліметтерді енгізу қажет. Нормативтік тұрғыдан бекітілген талаптардың болмауы әртүрлі материалдардың мәліметтер көлемі мен сапасы бойынша айырмашылыққа ие болуына әкеледі, ал бұл құқық қолдану бірізділігін бұзады. Мұндай жаңашылдықтың ерекше маңызы хабарламаны және процестік шешімді қалыптастыру барысында айқын көрінеді. Верификация кезеңі аяқталғаннан кейін ғана цифрлық материал тұлғаны хабардар етуге және әкімшілік акт шығаруға негіз болатын мәртебеге ие болуы тиіс. Керісінше жағдайда хабарлама тексерілмеген немесе толық емес деректерге сүйенетін болады, бұл кейіннен өндірістің ақаулы деп танылу қаупін туындатады.